



ГАЗЕТКЕ ОНЛАЙН  
ЖАЗЫЛУ

e-mail: aikyn.kz.gazeti@gmail.com  
www.facebook.com/aikyn.kz  
@aikyngazeti  
www.aikyn.kz

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

## МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ АҚШ ПРЕЗИДЕНТІН ҚҰТТЫҚТАДЫ

Қасым-Жомарт Тоқаев Америка Құрама Штаттарының Тәуелсіздік күніне орай Президент Дональд Трампқа құттықтау жеделхатын жолдады.



Мемлекет басшысы бұл айтулы күнді Америка халқының табандылығы мен өршіл рухының, бостандық және демократия қағидаттарына мызғымас беріктігінің символы ретінде атап өтті.

— Мен екіжақты кеңейтілген стратегиялық серіктестікті одан әрі дамытуға ұмтылысымды тағы да растаймын. Сондай-ақ халықтарымыздың игілігі жолында көпжақты ықпалдастықты тереңдетуге әзір екенімді жеткіземін, — деп жазылған жеделхатта.

Қасым-Жомарт Тоқаев Дональд Трамптың жауапты мемлекеттік қызметіне табыс тіледі.

Дінзухра ТІЛЕНДИЕВА,  
дирижер:

## ӘКЕМНІҢ ЖОЛЫНАН ЖАҢЫЛМАУҒА ТЫРЫСАМЫН



Мен дүние есігін ашқанда әкем Димаш ағаның үйіне барып: «Сүйінші, отбасымызда қыз бала өмірге келді, қызыма сіздің есіміңізді беруге рұқсат беріңіз», — дейді. Сол оқиғадан кейін есімім Дінзухра деп аталды. Алайда жеке куәлікте есімім Динара деп көрсетілген. Өйткені мен дүниеге келгенде әкем ат қойып үлгері алмағандықтан, анам өзі қалаған есімін берген екен.

→ 6-7

# ДОМБЫРА – ХАЛЫҚ ҚАЗЫНАСЫ

Мемлекет басшысы  
алдағы Ұлттық домбыра  
күнімен құттықтады.

— Домбыра — ұлт болмысы, халық қазынасы. «Қазақ — нағыз қазақ емес, нағыз қазақ — домбыра». Әсіресе, өскелең ұрпақтың домбыраға деген ықыласы ерекше. Жастар төл мәдениетімізді терең түсініп, салт-дәстүрімізге құрметпен қарайды. Бұл — өте жақсы үрдіс. Өйткені ата-бабаларымыздың мәдени мұрасын көздің қарашығындай сақтау — нағыз отаншылдықтың көрінісі. Отанға сүйіспеншілік — мемлекеттілігіміздің темірқазығы. Қазақстан жастарының мұны жақсы түсініп, қолдайтынына ризамын. Мемлекет руханият саласын барынша дамыта береді. Дәстүрлі өнердің дүлдүлдері Қайрат Бай-



босынов «Қазақстанның Еңбек Ері», Айгүл Үлкенбаева, Айгүл Қосанова «Қазақстанның халық әртісі» атағына ие болды. Қасиетті кара домбыраның

құмбірін бүкіл әлемге паш етіп жүрген азаматтарға алғыс айтамын, — деп жазды Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің X паракшасында.

## ҰЛТТЫҢ БОЙТУМАРЫ



Биыл 6 шілдеде отандастарымыз Ұлттық домбыра күнін атап өтеді. Мерекелер қатарына 2018 жылы қосылған бұл мейрам қазақпен бірге жасасып келе жатқан, дала өркениетінің ажырамас бөлшегіне айналған көне аспаптың жаһанға танылуына қызмет етеді. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев баршаға ортақ құндылыққа айналған домбыраны жан-жақты насихаттап, жас ұрпақтың санасына сіңіру өте маңызды екенін атап өткен еді.

→ 8

## ҰЛТТЫҚ КИНО ЖОЛЫН ТАППАЙ ТҰР



10  
БЕТ

## ҒАЖАЙЫП СӘУЛЕТ МЕКЕНІ



13  
БЕТ

5 ШІЛДЕ 2025 | СЕНБІ

## СЕНАТ



## СЕНАТ ТӨРАҒАСЫ ЯСУМАСА ИИДЖИМАМЕН КЕЗДЕСТІ

Парламент Сенатының Төрағасы Мәулен Әшімбаев Жапонияның Қазақстан Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі Ясумаса Ииджимамен кездесті.

Палата Спикері дипломатты елші болып тағайындалуымен құттықтай келе, Жапония Қазақстанның Азия-Тынық мұхиты өңіріндегі маңызды серіктестерінің бірі екенін атап өтті. Бүгінде екі ел арасында барлық деңгейде тығыз саяси қарым-қатынас орнады. Экономикалық өзара іс-қимыл да белсенді дамып, уақыт өткен сайын мәдени-гуманитарлық байланыстар нығайып келеді.

Сондай-ақ Мәулен Әшімбаев Жапония Парламентінің Қазақстанмен достық лигасы Қазақстан–Жапония серіктестігін жандандыруға елеулі үлес қосқанына назар аударды және екі елдің парламентаралық ынтымақтастығын одан әрі арттыра түсудің маңызды екенін тілге тиек етті.

«Біз Жапониямен дәстүрлі достық қарым-қатынасымызды әрдайым жоғары бағалаймыз. Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев атап өткендей: «Қазақстан мен Жапонияның арасы алыс болғанымен, достығымыз берік». Дипломатиялық байланыс орнағалы бері елдеріміз арасындағы ынтымақтастық кеңейтілген стратегиялық серіктестік деңгейіне жетті. Біздің мемлекеттеріміздің жаһандық және өңірлік күн тәртібіндегі көптеген мәселелер бойынша ұстанымдары сәйкес келетінін айрықша атап өткен жөн. Парламентаралық ынтымақтастықты нығайтуға да үлкен көңіл бөліп отырмыз. Біз сіздердің елдеріңіздегі заң шығару

қызметіне, оның ішінде әлеуметтік-экономикалық және инновациялық дамуды құқықтық тұрғыдан қамтамасыз ету саласына қатысты тәжірибе алмасуға мүдделіміз. Алдағы уақытта жапониялық әріптестерімізбен осы бағытта бірлесіп жұмыс істеуге дайынбыз», — деп Мәулен Әшімбаев «Орталық Азия + Жапония» диалогының табысты қызметі жөнінде айтты.

Сонымен қатар тараптар сауда-экономикалық және инвестициялық ынтымақтастық, экология, сондай-ақ, басқа да салалардағы бірлескен бастамаларды іске асыру мәселелерін талқылады. Атап айтқанда, ұлттық экономиканы декарбонизациялауды одан әрі ілгерілету және жасыл экономикаға көшу жөніндегі жобаларға ерекше мән берілді.

Кездесу барысында сұхбаттасушылар қазіргідей заманауи сын-кәтерлер белең алған кезеңде рухани дипломатияны дәріптеудің маңызына қатысты да пікір алмасты. Бұл ретте Сенат Төрағасы биылғы қыркүйекте өтетін Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының VIII съезіне дайындық барысына және осы бағыттағы басқа да іс-шараларға тоқталды.

Ал Ясумаса Ииджима Қазақстанның Жапониямен ынтымақтастығын одан әрі нығайтуға және маңызды бастамаларды бірлесіп іске асыруға мүдделі екенін жеткізді.

## МӘЖІЛІС

## АУЫЛ МҰҢ-МҰҚТАЖЫ – ДЕПУТАТ НАЗАРЫНДА

Мәжіліс депутаты, «АМАНАТ» партиясы фракциясының мүшесі Нұртай Сабильянов Абай облысы Жарма ауданына қарасты Қоңырбиік, Кіші Қарасу және Салқынтөбе ауылдарының тұрғындарымен кездесті. Онда ауыл жолдарын жөндеу, ауызсумен қамту, жұмыссыздықты азайту сияқты бірқатар өзекті мәселе көтерілді.



Қоңырбиік ауылында ақсақалдар жайылым жерлердің жетіспеушілігін айтты. Жергілікті тұрғындардың айтуынша, мал бар, алайда оны жаятын жер тапшы.

Нұртай Сабильянов соңғы үш жылда партияның «Жер аманаты» комиссиясының арқасында 12 миллион гектардан астам заңсыз алынған жайылым жерлер мемлекетке қайтарылғанын атап өтті. Тек былтырдың өзінде Абай облысында 550 мың гектар ауыл шаруашылығы жері халыққа қайтарылған.

— Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша жуырда ғана «Жайылымдар туралы» заң қабылданды. Бұл заңда қоғамдық жайылымдар жайлы жаңа нормалар енгізіліп, жайылымдарды конкурссыз үлестіруге, оларды басқа мақсаттағы ауыл шаруашылығы алқаптарына ауыстыруға тыйым салынады. Сонымен қатар бір гектарға шаққандағы мал жайылымының нормативі 20%-дан 50%-ға дейін артты, — деді депутат.

Сонымен қатар Қоңырбиік ауылында интернет желісіне қосылу, медициналық пункт ашу, жедел жәрдем көлігін бөлу, мектепке спортзал салу және ауызсуға қолжетімділікті арттыру мәселелері де көтерілді.

Ал Кіші Қарасу ауылының тұрғындары әйелдердің зейнет жасының төмендетілуін ұсынып, ауылға жоғары жылдамдықты интернет тартуды сұрады. Тұрғындар Семей ядролық полигонының зардабын тартқан азаматтарға жеңілдіктер беру мәселесін де қозғады.

— Мемлекет ядролық сынақтардың зардабын тартқан азаматтарды ұмытпайды. 1992 жылдан бері арнайы әлеуметтік қорғау жүйесі жұмыс істеп келеді. Бұл — мерзімінен бұрын зейнетке шығу, өмір сүру жылдары үшін өтемақы төлеу, еңбек өтілін кеңейту және медициналық көмек алу кезінде жеңілдіктер. Бұл кепілдіктер сақталған және өз күшінде. Ал екі жыл бұрын «Семей ядролық қауіпсіздік аймағы туралы» жаңа заң қабылданды. Ол экологияны қалпына келтіруге, жерді қорғауға, мониторинг пен қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған. Бұл — халықты қолдауға арналған кезекті нақты қадам, — деді Нұртай Сабильянов.

Сондай-ақ депутат 2021 жылы партияның сайлауалды бағдарламасы аясында Семей қаласында Ядролық медицина және онкология орталығы ашылғанын еске салды. Қазір ол жерде онкологиялық аурулармен қатар радиациялық әсер салдарынан денсаулығында кінәрат бар тұрғындар да ем алып жүр.

Салқынтөбе ауылында басты мәселелер ретінде жолдың жоқтығы, ескірген электр желілері және абаттандыруға арналған бюджеттің жеткіліксіздігі аталды. Сонымен қатар жастарды тарту мен жұмыс орындарын ашу — өзекті мәселелердің бірі ретінде көтерілді.

Нұртай Сабильянов «Ауыл аманаты» партиялық жобасы арқылы 2,5 пайызбен жеңілдетілген шағын несие беру жалғасып жатқанын айтып, бүгінде облыста ондаған тұрғын осы мүмкіндік арқылы фермерлік шаруашылықтар ашып, жылыжайлар салып, мал сатып алып жатқанын жеткізді. Қазіргі таңда 350 адам осы жобаның игілігін көрген. Ал қарыз мәселесі бар ауыл тұрғындары үшін «Қарызсыз қоғам» жобасы белсенді жұмыс істеуде. Жоба аясында қатысушылар қаржылық сауаттылық бойынша білім алып қана қоймай, қарыздарын қайта қаржыландыру, қаржылық сауықтыру жоспарларын әзірлеу бойынша сарапшылардан тегін көмек алады.

Депутат Мемлекет басшысының жергілікті өзін-өзі басқаруды күшейтуге бағытталған саяси реформаларының маңыздылығына тоқталды.

— Бүгінде ауыл тұрғындарының ашық сөйлей бастауының өзі — өзгерістердің нәтижесі. Бұрын кім басқаратынын өзіңіз шешпейтін едіңіздер. Қазір өздеріңіз таңдайсыздар. Әкімді халық өзі сайлайды, бұл — жай ғана демократия емес, бұл — тікелей билік. Бұл — Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың реформасы. «АМАНАТ» партиясы Президенттің басты қоғамдық тірегі ретінде әкім сайлауларының ашық, әділ және халықтың белсенді қатысуымен өтуіне қол жеткізді. Сайланған әкімдер өз сайлаушыларының алдында көбірек жауапкершілік сезінеді. Егер әкім дұрыс жұмыс істемесе, оны кері шақырып алу құқығы халықтың қолында», — деді Нұртай Сабильянов.

## АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ САНАҒЫ ӨТЕДІ

Бірінші тамызда елімізде Ұлттық ауыл шаруашылығы санағы басталады. Бұл ауқымды статистикалық іс-шара республиканың барлық өңірін қамтып, ауыл шаруашылығының жай-күйі туралы өзекті деректердің маңызды көзіне айналады.

Ауыл шаруашылығы министрлігі мәліметінше, санақ екі кезеңде өтеді және 2025 жылдың 20 қазанына дейін жалғасады. Онлайн кезең — 1-31 тамыз аралығында: өсімдік және мал шаруашылығымен, балық өсірумен айналысатын заңды тұлғалар, жеке кәсіпкерлер, шаруа және фермер қожалықтары, сондай-ақ үй шаруашылықтары қатысуға тиіс.

Сауалнама [sanaq.gov.kz](http://sanaq.gov.kz) сайтында өтеді. Офлайн-кезең — 20 қыркүйек-20

қазан аралығында: интервьюерлер онлайн-сауалнамадан өтіп үлгермеген, бау-бақшасы бар немесе мал ұстайтын үйлерді аралайды.

Санақта 2 млн жуық үй шаруашылығын және 300 мыңнан астам ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді қамту жоспарланған. Бүкіл ел бойынша сауалнама жүргізу үшін 3 500-ден астам интервьюер тартылады.

## ДЕПУТАТ КҮНДЕЛІГІ

5 ШІЛДЕ 2025 | СЕНБІ

## ШАРУАЛАР ЖАЙЫНА ҚАНЫҚТЫ



Мәжіліс депутаттары, «АМАНАТ» партиясы фракциясының мүшелері Қайрат Балабиев, Ұласбек Сәдібеков, Нұрсұлтан Байтілесов және Темір Қырықбаев Түркістан облысы Сайрам ауданының шалғай елді мекендерінде ашылған жаңа шаруашылық кешендерінің жұмысымен танысты.

Депутаттар Қайнарбұлақ ауылдық округінің Таскешу елді мекенінде орналасқан Gen Group Kazakhstan ЖШС-ның банан өсіретін жылыжай кешенімен та-

нысты. 5,3 гектар аумақты алып жатқан кешенде ТМД кеңістігінде алғашқылардың бірі болып тропикалық өнім жерсіндіріліп, банан өсіру ісі қолға алынды. Мұнда

жылына мың тонна өнім өндіріліп, ішкі нарықты қамтамасыз етуде. Кешен директоры Тимур Өтешевтің айтуынша, 2023 жылы жұмысын бастаған жобаның алғашқы кезеңінің құны 1,056 млрд теңгені құрап отыр.

Мәжіліс депутаттары кәсіпкердің бастамасына қолдау білдіріп, елімізге ғана емес, тұтас ТМД кеңістігіне таңсық банан шаруашылығын табысты жүзеге асырып жатқанына ризашылығын жеткізді. Жұмысшы мамандықтары жылы аясында қазақстандық аграрлық сала мамандарын жаңа технологияларға үйретуге шақырды.

Аграрлық саланы заман талабына сай дамыту мәселесіне назар аударған Мәжіліс депутаттары Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың отандық агроөнеркәсіп кешенін дамыту бағытында берген тапсырмаларына тоқталды. Ауыл шаруашылығы бәсекеге қабілетті озық сала ретінде танылып, ол экономикадағы басты қозғаушы күштің

біріне айналуға тиіс екенін жеткізді. Бизнес те, мемлекет те осыған мүдделі екенін айта отырып, ауыл тұрғындарының табысын арттыру мәселесіне баса мән берілетінін мәлімдеді.

Сонымен қатар жұмыс сапары аясында Мәжіліс депутаттары Сарыарық елді мекеніндегі «Көмеш балық» ЖШС-ның балық өсіру жобасымен де танысты. Дәулеталы Абдраманов жетекшілік ететін бұл кәсіпорын шабақ өсіріп, тауарлы балық өндіру ісін жолға қойған. 259 гектар жерде тоғандар салып, аталық-аналық балық түрлерін өсіріп жатқан кәсіпорын жылына 721,6 тонна өнім алып, ішкі нарықты сапалы балықпен қамтып отыр. Жоба құны 750 млн теңгені құрайды және мұнда тұрақты жұмыс орындары ашылған.

Мәжіліс депутаты Қайрат Балабиев жастарға қолдау көрсетудің, қабылданған заңдарды халыққа түсіндірудің мәні мен маңызына тоқталды.

Бұл кездесулердің мақсаты — «АМАНАТ» фракциясы бастамашы болған заңдардың пайдасын жұртшылыққа түсіндіру. Мемлекет басшысының Жарлығымен 2025 жыл «Жұмысшы мамандықтар жылы» болып жарияланды. Атаулы жылға орай, кәсіпорындардың, шаруашылықтардың жұмысымен танысып, болашағынан үміт күттіретін кәсіби мамандарды партиялық қызметке тартуды мақсат етіп отырмыз. Біз өз ісінің білікті маманы саналатын жастарға қолдау көрсетуіміз қажет. Партия берген уәделердің, сайлауалды бағдарламаның орындалуы да ұдайы назарымызда. Қазір жылыжай шаруашылықтары қарқынды дамуда. Оған дәлел — банан өсіретін жылыжай шаруашылығының жұмысы. Елімізде жана Су кодексі қабылданды, балық шаруашылығын дамытуға мүмкіндік беретін құқықтық механизмдер түзілді. Нәтижесінде, еліміз бойынша балық шаруашылығы ілгері кадам басып келеді, — деді Қ.Балабиев.

## ОҢАЛТУДАҒЫ ЖАҒДАЙ ОҢЫП ТҰРҒАН ЖОҚ



Көкшетау қаласында мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған 150 орындық жаңа оңалту орталығының құрылысы уақытша тоқтап тұр. Парламент Мәжілісінің депутаты, «АМАНАТ» партиясы депутаттық фракциясының мүшесі Наталья Дементьева аталмыш нысанға арнайы барып қайтты.

Депутаттың айтуынша, елордаға жақын орналасқан Көкшетау қаласы соңғы жылдары халықтың табиғи өсімі мен көші-қон үдерісі есебінен айтарлықтай кеңейіп келеді. Бұл жағдай, әсіресе ерекше қажеттіліктері бар азаматтар үшін қолайлы әрі кедергісіз орта қалыптастыру қажеттілігін арттыра түскен.

— Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, 2025 жылға дейін еліміздің 12 өңірінде заманауи оңалту орталықтарын салу жоспарланған. Соның бірі — осы Көкшетаудағы құрылыс. Алайда бүгінгі күні құрылыс қарқыны көңіл көншітпейді. Жобалық-сметалық құжаттамаға өзгерістер

енгізілуіне және бюджет тапшылығына байланысты жұмыс уақытша тоқтап тұр, — дейді Наталья Дементьева.

Депутаттың мәліметінше, ауқымды медициналық мекеме «Сарыарқа» ықшамауданында бой көтеруде. Орталық жылына 1 500-1 800 адамға оңалту қызметін көрсетуге қауқарлы. Жобаның жалпы құны — 7,4 млрд теңге. 2024 жылға дейін 1,9 млрд теңге игерілсе, 2025 жылы тағы 2,1 млрд теңге бөлінген. Қалған қаржы алдағы екі жылда игеріліп, орталық 2027 жылға қарай пайдалануға беріледі деп күтілуде.

Орталықтың құрылысы «АМАНАТ» партиясының 2023-

2027 жылдарға арналған сайлауалды бағдарламасының Жол картасы аясында қолға алынған маңызды әлеуметтік бастамалардың бірі. Бұл жоба тек оңалту саласын дамытумен шектелмейді, облыста әлеуметтік инфрақұрылымды мүмкіндігі шектеулі азаматтарға бейімдеу бағытындағы жұмыстар да қарқынды жүруде.

Мәселен, Ақмола облысында денсаулық сақтау, білім беру, мәдениет және спорт мекемелерін қамтыған 1 037 нысан бейімделіп үлгерді. Көкшетау қаласы бойынша жалпы 1 720 әлеуметтік нысанның 1 026-сы (яғни, 59,6%) мүгедектігі бар жандардың қолжетімділігіне сәйкестендірілген. «Кедергісіз келешек» партиялық жобасы аясында биыл тағы 192 нысанды бейімдеу жоспарланып, бүгінде соның 32-сі толығымен бейімделді.

Сондай-ақ қалада ерекше қажеттіліктері бар жандар мен зейнеткерлер үшін қоғамдық көлікпен тегін қатынау мүмкіндігі қарастырылған. 2025 жылдың алғашқы жартысында бұл қызметті 30 мыңнан астам көкшетаулық зейнеткер пайдаланған. Бұл бастамаға депутаттық корпус пен жергілікті атқарушы органдардың қолдауымен қол жеткізілген.

Осылайша, «АМАНАТ» партиясы елдегі инклюзивті орта қалыптастыру бағытындағы жұмыстарды жүйелі түрде жалғастырып келеді. Ал Көкшетаудағы оңалту орталығы — соның айқын дәлелі. Ендігі кезекте жобаның уақтылы аяқталуы мен бөлінген қаражаттың тиімді әрі мақсатты игерілуі басты назарда болмақ.

Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ,  
Ақмола облысы

Петропавлда заңсыз шығарылған активтермен күрес аясында мемлекетке қайтарылған қаржыға балабақша салынып жатыр. Мәжіліс депутаттары, «АМАНАТ» партиясы фракциясының мүшелері Еркебұлан Мәмбетов пен Дмитрий Колода нысанның жалпы жай-күйі мен белгіленген мерзімдерге сәйкестігін, қаржының жұмсалуды тиімділігін тексерді.

## БАЛАБАҚША ҚҰРЫЛЫСЫН ТЕКСЕРДІ



280 орындық балабақшаның құрылысы 2025 жылдың ақпан айында басталған. Бүгінде құрылыстың шамамен 40 пайызы аяқталды. Нысан биыл желтоқсанда аяқталады деп жоспарланған. Жалпы қаржыландыру 1,9 млрд теңгені құрайды.

— Мемлекетке қайтарылған қаражат қоғам игілігіне жұмсалуды керек. Бұл — «АМАНАТ» партиясының іргелі ұстанымы. Біз қағаз жүзіндегі бақылаумен шектелмейміз, әр теңге мақсатты жұмсалып жатқанына көз жеткізу үшін құрылыс алаңдарына өзіміз барамыз. Петропавлда жаз мезгілі қысқа екенін ескергеніміз жөн. Егер алдағы екі айда жұмысты жылдамдатпасақ, мердігерлер маусымдық шектеулерге тап болуы мүмкін. Сондықтан күзге дейін негізгі құрылыс циклын аяқтау маңызды, — деді Д.Колода.

Ол бұған дейін өңірде осындай нысандардың құрылысы кезінде кешігу болып, ауа райының салқындауына байланысты мердігерлер маңызды кезеңдерді аяқтай алмай қалғанын еске салды. Де-

путаттың айтуынша, биыл мұндай жағдайға жол беруге болмайды.

— Әлеуметтік нысандарды салу кезінде біз тек мерзімі мен сапасына ғана емес, сметалық құжаттаманың құрамына да мән беруіміз қажет. Салынған әр теңге ұлттық экономикаға пайда әкелуге тиіс. Отандық құрылыс материалдарын, жергілікті кәсіпорындардың өнімдерін пайдалану — бұл жай ғана бизнесті қолдау емес, ол — жаңа жұмыс орындары, салық түсімдері, өңірлеріміздің дамуы. Мұндай тәсіл «мемлекет — бизнес — қоғам» тұрақты тізбегін қалыптастырады, — деді Е.Мәмбетов.

Депутаттар қазір Солтүстік Қазақстан облысында білім беру инфрақұрылымына ерекше көңіл бөлініп жатқанын атап өтті. «АМАНАТ» партиясының сайлауалды бағдарламасы аясында облыста бюджетке қайтарылған қаражат есебінен 33 әлеуметтік-коммуналдық инфрақұрылымдық жоба жүзеге асырылуда, оның ішінде балабақшалар, мектептер, спорттық және медициналық нысандар бар.

## БАҒДАР

5 ШІЛДЕ 2025 | СЕНБІ



## «ӘКІМДЕР МЕКТЕБІ» ЖОБАСЫ ЖАЛҒАСУДА

Төрт ай бұрын басталған «Әкімдер мектебі» жобасының алғашқы кезеңінің нәтижесі – еліміздегі әр үшінші ауылда іске асырылуға дайын 12 мыңнан астам инвестициялық бастама. Жалпы құны 600 миллиард теңгеден асады. Барлығы 1 783 ауыл әкімі оқудан өтіп, бүгінде алған білімін нақты іске жаратып жүр. Енді олар тұрғындармен бірге кооперативтер құрып, өнім өткізу жолдарын қалыптастырып, жергілікті экономиканы дамытуды қолға алды.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев биыл қаңтар айында өткен Үкіметтің кеңейтілген отырысында тікелей сайлау арқылы келген жаңа буын әкімдер жайында айтып, олардың арасында мұғалімдер, дәрігерлер және бұрын мемлекеттік қызметте болмаған өзге де маман көп екенін атап өткен болатын. Сондықтан Президент «AMANAT» партиясының тәжірибесіне сүйене отырып, «Әкімдер мектебі» атты оқыту жобасын іске қосуды тапсырған еді.

2021 жылы енгізілген ауыл әкімдерін тікелей сайлау – елдің біртіндеп демократия жолына бет бұрғанын білдіретін маңызды қадам. Бұл өзгеріс азаматтардың белсенділігін арттырып, сайланған әкімдермен бірге ауылдағы түйткілді мәселелерді шешуге жол ашты. Соңғы төрт жылда 2 мыңнан астам ауыл әкімі сайланып, әкімдер корпусы айтарлықтай жаңарды. Олардың көпшілігі – «AMANAT» партиясының мүшелері. Соның ішінде 60%-дан астамы әкім болмаған, мемлекеттік қызметте жұмыс істемеген азаматтар.

Жаңа келген басшыларға қолдау көрсету үшін «AMANAT» партиясы Мемлекеттік қызмет істері агенттігімен бірлесіп, «Әкімдер мектебі» жобасын жүзеге асырып келеді. Төрт айдың ішінде 1 783 ауыл әкімі оқуын аяқтап, ауыл экономикасының бағытын айқындау, нақты табыс әкелетін салаларды анықтау, өнім көлемін бағалау сынды маңызды дағдыларды меңгерді. Жоба аясында мамандармен бірлесіп 2 184 ауылдық округте 12 мыңнан аса инвестициялық жоба әзірленді. Бұл бастамалар өңдеу, кооперация, инфрақұрылымды дамыту сияқты бағыттарды қамтып, ауыл тұрғындарының табысын арттыруға бағытталған.

«Кедейлікті азайту дегеніміз – тек қаржы үлестіру емес, сана-сезімді өзгерту, дағды беру, нақты мүмкіндіктер ашу. Осы мақсатта партия үш ірі жобаны қатар бастады: «Қарызсыз қоғам» – қаржылық сауаттылыққа бау-

лиды, «Ауыл аманаты» – табыс табу жолдарын көрсететін нақты әдістеме,

«Әкімдер мектебі» – осы бастамаларды жергілікті жерлерде жүзеге асыратын көпір.

Бұл жобаның түлектері тек білім алып қоймай, бүгінгі күні ауылдастарына кооперативтер құруға, нақты іспен айналысуға көмектесіп жатыр», – дейді партия хатшысы Эльдар Жумагазиев.

Енді жобаның келесі кезеңінде әкімдер ауылдық кооперативтер құруға кірісті. Көптеген тұрғын «Ауыл аманаты» жобасы аясында 2,5% жеңілдікпен несие алып, өз кәсібін аша алады. Әкімдер ауыл азаматтарын біріктіруге, өнім өткізу желілерін, логистиканы және қызметті үйлестіру жүйесін жолға қоюға көмек көрсетеді. Бұл кезең – жай оқыту ғана емес, нақты жобаларды жүзеге асыруға бет бұрған тәжірибелік саты.

Партия ауыл әкімдеріне қолдау ретінде кооперация жөніндегі арнайы үйлестірушілерді дайындап, өңірлерге жіберді. Олар ауылдарды аралап, халықпен және бастамашы топтармен кездесіп, жобалардың іске асырылу барысын бақылап, құжат жинауға, кооперативтерді әділет органдарында тіркеуге көмектесіп жүр.

Жобаның нәтижесі ретінде 300-ден астам ауыл шаруашылығы кооперативін құру жоспарланып отыр. Бұл кооперативтер жеке қосалқы шаруашылықтарды біріктіріп, ауыл шаруашылығы саласын жүйелі түрде дамытуға сеп болады.

Айта кету керек, бұған дейін «AMANAT» партиясы жанынан Өңірлік саясат жөніндегі Үкіметтік жобалық кеңсенің Аналитикалық орталығы құрылған болатын. Бұл орталық «Әкімдер мектебі» жобасын іске асырумен, басқару ісін цифрландырумен және кооперативтік жобаларды сүйемелдеумен айналысады.

Елнар ЕЛТАЙ



## ТҰРҒЫНДАР ТАЛАП-ТІЛЕГІН ЖЕТКІЗДІ

Мәжіліс депутаты, «AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі Руслан Қожасбаев өңірлерге сапары барысында Жетісу облысына барды. Депутат партияның облыстық филиалының Қоғамдық қабылдау бөлмесінде азаматтарды қабылдады.



Тұрғындар ауылдағы орта мектептің техникалық жағдайына, өзен арнасын тазалауға және мүгедектігі бар адамдарға қолжетімді әрі жайлы орта қалыптастыруға қатысты мәселелер көтерді. Мәселен, Панфилов ауданы Үлкеншыған ауылының тұрғыны Тойлыбай Домбағұлов аталған ауылдағы орта мектептің техникалық жағдайы сын көтермейтінін айтты.

– Білім ошағы сонау 1982 жылы салынған. Бүгінде нысанның жағдайы өте нашар, оқушылар үшін аса қауіпті. Тозығы жеткен мектепте 33 жыл бойы жөндеу жұмысы жүргізілген жоқ. Ауыл тұрғындары тарапынан арыз-шағым жиі айтылады. Күрделі жөндеу жүргізуге қажет жобалық сметалық құжат пен сараптама дайындалуда. Осыған байланысты, жөндеу жұмысына қажет қаражаттың бөлінуіне ықпал етуіңізді сұраймын, – деді ол.

Бұл ретте Руслан Қожасбаев кейінгі 3 жылда өңірде білім беру саласына қатысты 20 нысан салынғанын және олардың 15-і білім ошағы екенін айтып, Үлкеншыған ауылындағы мектептің қазіргі жағдайы да назардан тыс қалмайтынын жеткізді.

Ал Талдықорған қаласының тұрғыны – бірінші топ мүгедегі Гүлнара Мұхаметжанова «Отбасы Банк» АҚ арқылы бір бөлмелі пәтерге мақұлдау алғанын, алайда баспанасы оның ерекше қажеттілігіне сай келмейтінін айтты.

Өз кезегінде депутат былтыр «AMANAT» партиясының «Кедергісіз келешек» жобасы аясында ел аумағындағы әлеуметтік және көлік инфрақұрылымы нысандарының мүмкіндігі шектеулі азаматтарға қолжетімділігін қамтамасыз етуге талдау жүргізілгенін хабарлады. Соның аясында 4,8 мың инфрақұрылым нысаны мен 1,6 мың қоғамдық көлікті қамтыған 2,3 мыңнан астам рейдтік іс-шара ұйымдастырылған. Нәтижесінде, 1 040 заңбұзушылық анықталып, оларды жою бойынша тиісті мекемелерге ұсыныстар жіберілген. Депутат бұл бағыттағы жұмыс алдағы уақытта да жалғаса беретінін жеткізді.

Өңір тұрғындары Қаратал ауданы Тастөбе ауылы маңындағы Қаратал өзені-

нің арнасын тазалау, бөгетті қалпына келтіру, жедел жәрдем жүргізушілерінің жалақысын көтеру, орта буын медицина қызметкерлерінің әлеуметтік жағдайын жақсарту, жастарды баспанамен қамтамасыз ету сияқты мәселелерді де көтерді.

Руслан Қожасбаев ел аумағында азаматтық қызметшілердің жекелеген санаттарының жалақысы 20 пайызға артқанын айтты. Сондай-ақ биыл алғашқы алты айда «AMANAT» партиясының «Таза бейсенбі» акциясы аясында еліміздің барлық өңіріндегі 600-ден астам ластанған аумақ – саябақтар, скверлер, өзен-көл жағалаулары, тарихи-мәдени нысандар тазартылғанын мәлімдеді. Акцияға 14 мыңға жуық адам қатысып, 2 мың тоннадан астам қоқыс жиналып, қайта өңдеуге жіберілген.

– Былтыр «AMANAT» партиясының сайлауалды бағдарламасы аясында өңірде 19 362 адам тұрақты жұмысқа орналастырылды. Облыс аумағында 363,2 мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді. Бұған қоса, 101,7 мың гектар жер мемлекет меншігіне қайтарылды. Ал күні кеше Ақсу ауданына қарасты Көлтанбау ауылына барып, 120 орындық жаңа мектептің құрылыс жұмысымен таныстым. Мектеп құрылысы 2023-2024-жылдары қаржыландырудың болмауына байланысты уақытша тоқтап қалған еді. Биыл республикалық бюджеттен 1,9 млрд теңге бөлініп, жұмыс қайта жанданды. Қазір нысанның 63 пайызы дайын. Мектеп ғимаратында 25 бұлдіршінге арналған шағын орталық та болады. Жоспарға сәйкес мектеп биыл қазан айында пайдалануға беріледі, – деді депутат.

Айта кетейік, Руслан Қожасбаев Жетісу облысына сапары аясында Ақсу аудандық орталық аурухана ғимаратының құрылыс жұмысын да назарға алды. Аталған жобаның жалпы құны – 1,7 миллиард теңге. Бұл қаражат депутаттың тікелей араласуымен республикалық бюджеттен бөлінді. Осылайша, биыл сәуір айында мердігерге 300 миллион теңге қаржы аванс ретінде аударылып, құрылыс қайта жанданды. Қалған қаражат кезең-кезеңімен бөлінеді.

## ТЫНЫС

5 ШІЛДЕ 2025 | СЕНБІ

Үкімет атаулы жыл аясында жұмысшы кадрлар үшін ипотекалық және жалға берілетін тұрғын үйдің жеңілдетілген бағдарламаларын іске қосу мәселелерін пысықтап, қарапайым еңбек адамының баспаналы болуын басты назарға алған болатын.

Осы орайда ERG компаниясы мемлекеттік тұрғын үй бағдарламаларына қатысу арқылы жұмысшыларына баспана беруде біршама тиімді қадамдар жасады. Қызметкерлерінің жайлы әрі лайықты өмір сүруі үшін тұрғын үймен қамтуды сәтті жүзеге асырып, әр еңбек адамына, әр шаныраққа сенім мен тұрақтылық сыйлауды мақсат тұтты.

— Біздің қызметкерлер қатысатын тұрғын үй бағдарламасы үшін мемлекетке алғыс айтамыз. Бірақ қазір олар негізінен облыс орталықтарына ғана бағытталған. Біздің ірі кәсіпорындарымыз монокалаларда орналасқан. Жаңа немесе жалға берілетін тұрғын үйлер бойынша ұсыныстар іс жүзінде жоқ. Сондықтан ERG өзінің тұрғын үй бағдарламасын әзірледі, — деді С.Шахажанов.

Оның айтуынша, ERG ұсынған тұрғын үй бағдарламасы — Қазақстанда тау-кен металлургия өнеркәсібінде баламасы жоқ кешенді бастама. Бағдарламада қажеттіліктерді анықтаудан, үйлер салудан, түрлі тұрғын үй бағдарламаларына қатысудан бастап қызметкерлердің қанағаттануын талдауға дейін қамтылған және осы шартпен монокалаларда үйлер салу қарастырылған.

Компания соңғы 10 жылда мемлекеттік бағдарламалар аясында 110 656 шаршы метр болатын 19 тұрғын үй салды. «Әрбір пәтерге және әрбір қызметкерімізге кепілдік береміз» ұранымен компания жұмысшыларына негізгі серіктестерімен бірге барлығы 4 046 пәтердің кілтін тапсырды. 2012 жылдан бері ERG Microfinance микроаржы ұйымының арқасында Топ жұмыс істейтін аймақтарда 2 200 пәтер өз иесін тапса, «Қазақстандық тұрғын үй компаниясы» АҚ-мен бірлесіп 867 отбасыға баспана берді.

ERG «Отбасы банкі» АҚ арқылы өз жұмысшыларына жеңілдетілген сатып алу мүмкіндігімен 659 пәтерді жалға берді. Атап айтсақ, компания «Отбасы банкі» АҚ өзара түсіністік пен әріптестік туралы меморандум негізінде жұмысшылардың тұрғын үй жағдайларын жақсартуға бағытталған жеңілдетілген бағдарламаны қолға алған болатын. Нәтижесінде, «Отбасы банкі» және Ақтөбе, Қостанай, Павлодар және Қарағанды облыстарының әкімдіктерімен серіктестік аясында қазірдің өзінде 320 пәтер жеңілдікпен сатылды. Мұндағы ЖТСМ мөлшерлемесі 3,5-тен 5 пайызға дейін, бастапқы жарна бар болғаны 10 пайызды құрайды.

Бұл мақсаттарға барлығы 29,7 млрд қаражат бөлінді. Нәтижесінде, компания негізгі серіктестерімен бірлесіп отырып, жалпы құрылысы 19,8 млрд теңгеге бағаланған бағдарлама шеңберінде 4 000-нан астам қызметкердің тұрғын үй жағдайын жақсартуға көмектесті. Ал олардың 60 пайызы (2 400) — жұмысшы мамандар. Пәтер алғандардың орташа жасы — 33,5 жас. Бастысы, өз арманына сенген, еңбекқор, алдына

мақсат қоя білетін жандар өзінің қиял әлеміндегі әдемі баспанасына қол жеткізе алатыны анық. Сондай қажырлы, қайратты жандардың бірі — Ақтөбе облысы Хромтау қаласы Дөң тау-кен байыту комбинатының Электр цехының диспетчері, декреттік демалыстағы жас ана Алтынгүл Бәйтік. Ол компания тарапынан тиімді шарттармен ипотекалық бағдарлама арқылы үй алған.

— Баспана құрылысы жүріп жатқан уақытта алдын ала үй алуға өтінім бердім. Құжаттарды жинау, іріктеу уақытымен тұспа-тұс тұрмысқа шықтым. «Бұйырған кетпейді» дегендей, біз жас отбасы ретінде жаңа үй алдық. Компания кілтті қолымызға салтанатты түрде табыстады, — деді Алтынгүл Бәйтік. Ал Ақсу феррокорытпа зауы-

Алтынгүл Бәйтік, Ақтөбе облысы Хромтау қаласы Дөң тау-кен байыту комбинатының Электр цехінің диспетчері



# ЕҢБЕК АДАМЫ ЕҢ ЖАҚСЫҒА ЛАЙЫҚ

Елімізде 2025 жыл «Жұмысшы мамандықтар жылы» деп жарияланды. Елдің әлеуметтік-экономикалық дамуында маңызды рөл атқаратын еңбек адамдарының мәртебесін арттыру, олардың кәсіби дамуы мен әлеуметтік жағдайын жақсарту — осы бастаманың негізгі мақсаты. Бұл шешім өндірістік саланың дамуын ынталандырып қана қоймай, қоғамдағы жұмысшы мамандықтарына деген құрметті қайта жаңғыртуды көздейді.



Тұрарбек Мейрімханов, Ақсу феррокорытпа зауыты шлак өңдеу цехында ауысым шебері

ты шлак өңдеу цехында ауысым шебері болып қызмет атқаратын Тұрарбек Мейрімханов баспаналы болу — өміріндегі жарқын сәттердің бірі екенін айтып, қуанышымен бөлісті.

— Бұл зауытта 2016 жылдан бастап жұмыс істеймін. Қара ме-

таллургия колледжін аяқтап, шекара әскерлерінде борышымды өтеген соң, еңбек жолымды ERG құрамындағы осы зауыттан бастадым. Бала кезімнен өз баспанам болғанын армандадым. Арман мақсатқа айналып, оған біртіндеп жакындадым. Белсенді жастар



Надежда Сүлейменова, Қостанай облысы Рудный қаласы ERG Service компаниясының кран машинисі

козғалысы — Jastar Ligasy қатарына қосылып, зауыт өміріне белсене араластым. 2024 жылдың көктемінде жас маман ретінде, маған үш бөлмелі пәтердің кілті табысталды. Бұл — мен үшін үлкен қуаныш, өмірімдегі жарқын сәттердің бірі, — деді ол.

ERG-дің жұмысшы мамандарды баспанамен қамтамасыз етуі — қарапайым еңбек адамына құрмет пен оның маңдай тер, табан ақысына деген қамқорлықтың үлгісі. Бұл бағыттағы жұмыстың тиімділігі, жұмысшы мамандардың жеткілікті қамтылуы компания үшін де үлкен жетістік деуге болады. Бұл — компанияда жұмысшылардың тұрақтануына және алаңсыз еңбекке жасалған қамқорлық. Нәтижесінде, тұрғын үй бағдарламасына қатысушылардың 1 пайызға жетпейтіні ғана компаниядан кетуге шешім қабылдайды.

Компания пәтерлердің аймақтық бөлінісінде «ҚТК» АҚ және «Отбасы банкі» АҚ-мен бірлесіп, 1 846 баспана сатса, Хромтауда 180 пәтерлік және Лисаковск қаласында 100 пәтерлік жаңа үйлер салуды бастады. Сондай-ақ «От-

басы банкі» арқылы Павлодарда 140-тан астам пәтерді және Ақтөбе феррокорытпа зауытының қызметкерлері үшін Ақтөбеде 12 пәтер сатуды бастайды. Дегенмен компания жұмысшылары қатарында баспана кезегінде тұрған дар саны көп. Бүгінде Топ кәсіпорындарының 2 000 қызметкері баспана кезегінде тұрса, Павлодар, Ақсу, Хромтау және Рудный қалаларында ең көп қажеттілік тіркелген. Бұл тұрғыда монокалалардағы тұрғын үй нарығының өтешектеулі болуы көптеген жоспарға тұсау болып отырған көрінеді.

ERG-дің Қазақстандағы бас директоры Серік Шахажановтың айтуынша, компания жыл сайын 605 түлекті жұмысқа қабылдап, әріптес ретінде өз қатарына қосады. Еңбек жолын енді ғана бастаған жас мамандарға да баспана қажет.

— «Үйі жоқтың — күйі жоқ» демекші, жұмысшыларымызды баспанамен қамтамасыз етудің манызы зор. Біз «Отбасы банкі» АҚ әзірлеген мемлекеттік «Наурыз жұмыскер» тұрғын үй бағдарламасына қатысу арқылы да баспана мәселесін шешіптіз. Осы бағдарлама аясында біздің ұйымның 71 қызметкеріне жалпы сомасы 1,46 млрд теңгеге баспана алдық.

Бұл ипотекалық бағдарлама жұмыс істейтін қазақстандықтар үшін қажет. Бірақ шарттары жеңілрек болса деп есептейміз. 7 пайыздық мөлшерлемесі, шоттағы міндетті 2 миллион теңге және алғашқы жарнаның 10 пайызы колледж түлектері үшін де, көптеген қарапайым жұмыс орындары үшін де қолжетімсіз. Мөлшерлемесі 3 пайызға дейін төмендетіп, ипотека шарттарын икемді ету қажет деп ойлаймыз, — деді бас директор.

Дегенмен компания өз тарапынан әрбір қызметкерге төлем жасауға кепілдік береді. Биыл Рудный қаласындағы ERG Service компаниясының кран машинисі Надежда Сүлейменова «Отбасы банкі» АҚ-ның «Наурыз жұмыскер» бағдарламасы арқылы армандаған үйіне қол жеткізді.

— «Еңбектің наны — тәтті» деген рас. Мен өзімнің адал еңбегіммен армандарыма жақындап келемін. Аллаға шүкір, 6-сыныпта оқитын қызым бар. Өзім жоғарғы оқуға түстім, кран машинисі болып 18 жылдан астам уақыт жұмыс істеп келемін. 2015 жылы әкімшілікте толық емес отбасы ретінде үй кезегіне тұрдым. Биыл наурыз айында «Отбасы банкінің» «Наурыз жұмыскер» бағдарламасына қатыстым. Бағымды сынап көрейінші деген едім. Алматыдан қоңырау шалып, 9 пайыз, 30 млн-ға дейін рәсімдеумен үй алдыңыз дегенде, алғашында сенбедім. Иә, қазір өз үйім бар деп қуана-қуана айта аламын, — деді Надежда Сүлейменова.

Бұл — Рудный қаласында «Наурыз жұмыскер» бағдарламасы бойынша берілген алғашқы баспана. Осы қарқынмен ERG-дің қолдауымен әлі де талай еңбек адамының баспаналы болатыны сөзсіз. Сөйтіп, адал еңбектің бағаланып анық. Ал ERG секілді алып компаниялар жас кадрларды жұмысқа тартып қана қоймай, олардың жарқын болашағына деген сеніміне жол ашатын болады.

Тілегүл ЕСДӘУЛЕТ

# ҰЛТТЫҚ ДОМБЫРА КҮНІ

5 ШІЛДЕ 2025 | СЕНБІ



Биыл қазақ музыка өнері үшін айтулы кезең. Ғұмырын руханиятқа арнаған Қазақстанның Халық әртісі, күйші-композитор, дирижер, Халық Қаһарманы Нұрғиса Тілендиевтің туғанына – 100 жыл. Дала-ны сазға бөлеген заңғар тұлға қазақ музыкасының тұтас бір мектебін қалыптастырды. Қазір оның шығармалары қазақтың әр шаңырағында шырқалады. Әке жолын жалғаған асылдың сынығы Дінзухра Тілендиева бүгінде сол рухани мұраны абыроймен арқалап келеді. Біз Ұлттық домбыра күні қарсаңында Н.Тілендиев атындағы академиялық фольклорлы-этнографиялық «Отырар сазы» оркестрінің көркемдік жетекшісі және бас дирижері Дінзухра Нұрғисақызымен сұхбаттасып қайттық.

**Дінзухра ТІЛЕНДИЕВА,**  
дирижер:

## ӘКЕМНІҢ ЖОЛЫНАН ЖАҢЫЛМАУҒА ТЫРЫСАМЫН

— Дінзухра Нұрғисақызы, есіміңіздің бұлай деп аталуы да бекер емес. Нұрғиса ағамыз Дінмұхамед Қонаев пен жары Зухраның құрметіне арнап сізге осындай есім бергенінен хабардармыз. Архивті ақтарып қарасақ, бала кезіңізде Димаш ағамыздың шаңырағына бірнеше рет барып тұрған екенсіз. Бала Дінзухраның жадында сақталған Қонаев бейнесі қандай болды?

— Көзі тірісінде әкем мен Димаш аға екеуі бір-бірімен аға-іні ретінде сыйласып, жақсы қарым-қатынаста болды. Иә, мен бала кезімнен Димаш ағаны көріп өстім. Біз Карл Маркс және Киров, яғни қазіргі Д.Қонаев және Бөгенбай батыр көшесінің киылысында тұрсақ, Димаш ағамыздың шаңырағы қазіргі Төлебаев көшесінің бойында орналасты. Сол кездері ағам Данияр екеуіміз субұрқақтың қасынан өтіп, Димаш ағаның үйіне барушы едік. Ол бізге сағыз бен неше түрлі тәттілерін, өзінің шетелден алып келген сыйлықтарын беріп жіберетін. Расында әке-шешем Қонаев ағамыздың әулетін қатты сыйлады. Балалық шағымда Дінмұхамед Қонаев мен үшін таудай тұлға болды.

Мен дүние есігін ашқанда әкем Димаш ағаның үйіне барып: «Сүйінші, отбасымызда қыз бала өмірге келді, қызыма сіздің есіміңізді беруге рұқсат беріңіз», — дейді. Сол оқиғадан кейін есімім Дінзухра деп аталды. Алайда жеке куәлікте есімім Динара деп көрсетілген. Өйткені мен дүниеге келгенде әкем ат қойып үлгері алмағандықтан, анам өзі қалаған есімін берген екен. Кейіннен жеке куәлігімді алған уақытта анам маған: «Динара, үлкен тұлғаның есімін алып жүру оңай емес. Бірақ сен сахнада Дінзухра боласың. Екінші есімің Дінзухра болып қала береді», — деп түсіндірді. Кейде әлеуметтік желідегі оқырмандар «Есімі Дінзухра еді ғой, неге Динара деген атқа ауысып кетті?» деп сұрап жатады. Мен есімімді ешқашан өзгерткен емеспін.

— Ал ұжымдастарыңыз, достарыңыз сізді қалай атайды?

— Менің екі есімім бар: Дінзухра және Динара. Бірі Динара немесе Зухра деп шақырса, енді бірі Дінзухра деп атайды. Сахнада, афишаларда және тағы басқа ресми орындарда Дінзухра есімін алып жүремін. Бұл үшін мен қуанамын және мақтанамын. Себебі елімізде мұндай ерекше есім алғаш рет маған қойылған екен. Қазір атымды естіген кейбір ата-аналар өз қыздарына Дінзухра есімін беріп жатады.

**«ОТЫРАР САЗЫ» —  
ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЖАЛҒЫЗ  
ФОЛЬКЛОРЛЫ-  
ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ ОРКЕСТР**

— Дінмұхамед Қонаевтың бас-тамасымен негізі қаланған «Отырар сазы» оркестрін 2009 жылдан бері басқарып келесіз. Бүгінде бұл оркестр заман талабына қалай бейімделіп келеді?



— Димаш аға болмаса «Отырар сазы» оркестрі де құрылмас еді. Кезінде ол әкемді шақырып алып, ұлттық құндылықтарды жаңғыртатын үлкен оркестр құру қажеттігі туралы ұсынысын білдіреді. Осы ұсыныстан кейін әкем оркестр құруға бірден кірісіп кетті. Нәтижесінде, әкем шағын ансамбльді үлкен оркестр деңгейіне жеткізді. «Отырар сазы» оркестрі болмаса, қазіргі сазсырнай, жетіген және тағы басқа фольклорлы аспаптар да қолданыста болмас еді. Музыкатанушы, қазақ ұлттық музыка аспаптарының зерттеушісі Болат Сарыбаевтың коллекциясынан жиналған бірегей аспаптар Отырар қалашығынан

табылған. «Отырар сазы» — Қазақстандағы жалғыз фольклорлы-этнографиялық оркестр. Қазір оркестр арқылы алтын қорымыздағы қазақ күйлерін орындап келеміз. Оркестрдің қоржынында классикалық шығармалар көп, қазіргі жастар тыңдап жүрген заманауи әуендер де жеткілікті. Кейінгі он бес жылда көрерменнің қазақ оркестріне, классикаға деген ұмтылысы байқалады. Сатылымға шығарған билеттеріміз бірнеше күннің ішінде таусылып, концертте зал лық толы болады. Қазір біздің көрерменіміздің қатарында бесіктегі баладан бастап

дирижер қызметін атқарса, анам концерттің жүргізушісі болды. Анамның концерт алдында үшеуіміздің сахнаға киіп шығатын киімдерімізді жуып, үтіктеп дайындағаны әлі есімде. Әкеммен сахнаға шығар алдында қатты қобалжыдым. Бірақ сахнаның артында әкем қолымды ұстап «Динара, қорықпа, сен батыл-сың!» деп сөзімен дем берді. Әкем Моцарт концертін оркестр арқылы бірнеше күннің ішінде өңдеп тастады. Бұл расында қазақ музыкасындағы ерекше оқиға деп ойлаймын. Себебі тұңғыш рет халықтық фольклорлық оркестр Моцарттың классикалық туындысын орындады. Әуеннің оркестрлік әрлеуі сондай әсерлі болып шықты.

Ұстазым Людмила Лапан Күләш Байсейітова атындағы мектептің нағыз шебер мұғалімдерінің

**Әкем өте қарапайым жан еді. Шын мәнінде, оның қолында орасан зор мүмкіндік болды. Бірақ ол соның бәрін өзі үшін емес, өзгелер үшін пайдаланды. Егер оркестр ұжымындағы бір адамның баспанасы болмаса, міндетті түрде көмектесуге тырысатын.**

еңкейген қарияға дейін, тіпті шетел азаматтары да бар. Бұл өнердің шекара талғамайтынын көрсетеді. Кейде билет сатылымы басталмай жатып-ақ, барлық орынның сатылып кеткенін естиміз. Сондықтан қазіргі оркестр шығармашылығында өзгеріс бар деп нақты айта аламын.

— Бір отбасының екі мүшесінің оркестрде өнер көрсетуі, әкесі дирижер болса, қызының аспапта ойнауы өнерде сирек кездесетін құбылыс. Сіз небәрі 4-сыныпқа өткен шақта Моцарттың шығармасын фортепианода ойнап, халыққа концерт бердіңіздер. Жас бүлдіршін үшін бұл кеш сахна киесі мен өнер күдіретін сезінуге қалай әсер етті?

— Расында бұл бала Дінзухраның өміріндегі ең маңызды сәт еді. Бір қызығы, әкем сахнада

бірі еді. Қазір ол шетелге қоныс аударды. Әкем бәріне «Динара менің жолымды қуады, ол музыкант болады» деп айтатын. Егер сабақтан төрт алып қалсам, анам сабаққа жеткілікті көңіл бөлмей жүргенімді айтып ренішін білдіреді. Ал әкем болса, «Болатын бала бәрібір бір жерден өзі-ақ жарып шығады, Динараға ренжіме» деп мән бермейтін.

**ӘКЕМ ҮШІН МАТЕРИАЛДЫҚ  
БАЙЛЫҚ БАСТЫ  
ҚҰНДЫЛЫҚ БОЛҒАН ЕМЕС**

— Өзіңізді өнерде ғана емес, өмірде де тұлға ретінде қалыптастырған әкеңіздің қандай сөзі немесе іс-әрекеті өмірлік бағдарыңызға айналды?

— Әкем өте қарапайым жан еді. Шын мәнінде, оның қолында

## ҰЛТТЫҚ ДОМБЫРА КҮНІ

5 ШІЛДЕ 2025 | СЕНБІ

орасан зор мүмкіндік болды. Бірақ ол соның бәрін өзі үшін емес, өзгелер үшін пайдаланды. Егер оркестр ұжымындағы бір адамның баспанасы болмаса, міндетті түрде көмектесуге тырысатын. Әкем өмірден өткен соң, есейе келе өмір жолымда талай адаммен жолықтым. Олар маған: «Білесіз бе, мен пәтерге әкеніздің арқасында қол жеткіздім», — деп айтып жатады. Мұндай жандарды әлі күнге дейін жиі кездестіремін. Ал анам кейде «Саяжай алсақ қой, осындай заттарымыз болса екен» деп айтса, әкем: «Дариға, қажет емес», — дейтін. Себебі әкем үшін материалдық байлық ешқашан басты құндылық болған емес. Мен үшін осының бәрі — өмірлік сабақ. Қазір өзім де әкемнің жолынан жаңылмауға тырысамын. Өмірде ата-анамның бойында ешқашан өр-көкіректік, астамшылық болған емес. Бұл қасиеттер менің қанымда бар деп ойламаймын. Кейде бір жерде артық кетіп жатқанымды сезсем, өз-өзімді тежеп, сабама түсуге тырысамын. Міне, мен үшін ең үлкен сабақ — адам болып қалу, қарапайым болу және жақын адамдарыңа қолұшын соза білу.

— Нұрғиса Тілендиев — музыканы ғана емес, спортты да жанына серік еткен адам. Алайда өзінің өнерге табан тіреуіне ықпал еткен ұстазы Ахмет Жұбанов: «Не бокс, не музыка!» деп шарт қойған көрінеді...

— Шын мәнінде, әкем спортты жан-тәнімен сүйетін. Оның дене бітімі мығым болды. Тіпті, белгілі бір жасқа дейін оның қарны болмаған. Әкемнің қолдары қатты әрі жұдырығы өте үлкен болатын. Үйімізде әрдайым бокс қолғабы сақталып тұрды. Әкем бокспен консерваторияда оқып жүрген жылдары айналысты. Бір күні ол ешкімге айтпай жарысқа қатысады. Жарыста жеңіп шығып, рингте тұрғанда залда Ахмет Жұбановтың отырғанын көреді. Осыдан кейін Ахмет Жұбанов әкеме «Не бокс, не музыка!» деп алдына тандау қояды. Сонда әкем музыканы тандапты. Бірақ мен әкем қай бағытқа барса да, түбінде сол саланың чемпионы болар еді деп ойлаймын.

— Әкеніз домбыраны қолмен ғана емес, аяғымен де шертпе білген деседі...

— Әкем бала кезінен бұзық болған. Әкемнің аяғымен домбыра шерткенін өзім көрген жоқпын. Бірақ әкемнің көзін көрген азаматтар оның бойында осындай ерекше қабілет болғанын растайды.

— Кей композиторлар музыка өнерінде жана бағыт енгізуімен ерекшеленсе, енді бірі өз шығармашылығы арқылы ұлттық болмысты насихаттаушы ретінде есте қалады. Әкеніз бұл екі миссияның қайсысын көбірек атқарды деп ойлайсыз?

— Меніңше, әкемнің бойында екі миссия да қатар көрініс тапты. Қазақтың күй өнерінде шертпе күй мен төкпе күй деген бар. Әкем сол екеуін бір ғана күйдің ішінде шебер тоғыстырып орындайтын. Мысалы, оның «Әлкисса» атты күйін алып қараңызшы. Оның ішінде шертпе күй де, төкпе күй де бар. Бұл сол кезең үшін нағыз жаңашылдық еді. Ал көне қазақ музыкасына келсек, сол рух, сол үн әкемнің шығармаларында тұнып тұр. Оның музыкасы симфония, поэма, күй, тіпті опера мен балетке дейінгі жанрларды қамтиды. Бірақ бәрінде де ұлттық бояу мен нақыш ерекше сезіледі. Мәселен, «Махамбет» күйін тындап көріңізші. Оның ішкі мазмұны мен үні — нағыз қазақы рухтың көрінісі. Мұны басқа ешбір композитордың шығармасымен шатастыру мүмкін емес. Әкем әрқашан ұлттық болмысты насихаттап қана қоймай, өзінің жаңашыл көзқарасы мен тың ойларын енгізе білді.



### ХАЛЫҚ ҚАЗІР ЖАҢА ШЫҒАРМАЛАРДЫ ЖАҚСЫ ҚАБЫЛДАЙДЫ

— Бүгінгі қазақ тыңдарманының мәдени сұранысы мен эстетикалық талғамы жайлы не айтар едіңіз?

— Қазір халықтың талғамы өзгеріп келеді. Бұл өте жақсы құбылыс. Бұрын кейбір көрермен сапасыз әуендерді тыңдаса, ал қазір тыңдарман сапалы музыкаға ден қойып, оны тереңірек түсіне бастады. Бұл сөзіме дәлел — концерттеріміздің аншлаппен өтуі. Сондай-ақ халық қазір жаңа шығармаларды жақсы қабылдайды. Егер біз әуендерімізге аранжировка жасап, бұрын болмаған ерекше жобаларды ұсынсақ, мысалы, қазақ оркестрі мен диджей тандемі сынды жаңашылдықтар болса, тыңдарман ерекше қызығушылық танытады. Біз заманауи шығармаларды домбыра, шаңқобыз немесе қылқобыз арқылы орындағанда, ұлттық аспаптарымыздың мүмкіндігі қаншалықты ауқымды екенін көрсетеміз. Онымен қоса, әр концерт сайын залға жиналған көрермен «Махамбет!», «Ата толғауы!», «Әлкисса!» деп аталған күйлерді орындауымызды сұрайды. Демек қазіргі тыңдарман заманауи бағытты да қабылдайды, сонымен қатар ұлттық бастаудан нәр алатын шығармаларды да сағынады.

— Сахна сыртындағы Дінзұхра Тілендиева қандай адам? Қандай дүниеден қуат аласыз? Керісінше, нендей жайттар жаныңызды қажытады?

— Мен шабытты көбіне тыныштықтан аламын. Мен үшін ең үлкен қуат көзі — тыныштық, ұйқы және үнсіздік. Кейде көпшілік ортада ұзақ жүрген кезде, әсіресе адам саны көп орында аздап шаршап қаламын. Бірақ сахнадан кейінгі күйіп тіптен басқа. Бұл шаршау емес, керісінше, ерекше бір қуат сияқты. Себебі біз сахнада бар ықыласымызбен көрерменге қуат сыйласақ, ал олар бізге эмоциясы мен ыстық қошеметі арқылы қайта қуат береді. Өнер адамы мен көрермен арасындағы осындай байланыс — әртіске берілетін нағыз қуат.

— Тыныштық демекші, өнер адамы үшін жалғыздық пен толғаныс — шығармашылықтың серігі. Сіз үшін тыныштық деген нені білдіреді?

— Нағыз тыныштық — барлық мәселе шешіліп, жан-дүниенді ештеңе мазаламағанда келеді. Маған жиі өз-өзіммен онаша қалу қажет немесе мұны өзім талап етемін. Үйде жалғыз өзім қалған уақытта уақытты тиімді өткіземін. Жалғыздықтан жалықпаймын, өз-өзіммен болған ұнайды. Бұл маған тыныштық пен күш-қуат береді.

— Өнердегі ұстанымыңыз, эстетикалық бағытыңыз қандай?

— Ең бастысы, бір орында тұрып қалмай үнемі алға ұмтылу, дамуға талпыну.

### ӘКЕМ ӨМІРДЕН ӨТКЕН СОҢ ОРКЕСТР ЫДЫРАП КЕТЕ ЖАЗДАДЫ

— Сіз еліміздегі ең жас әйел дирижерлердің бірісіз. Оркестрде басшылық қызмет атқару қиын емес пе?

— Бастапқыда оңай болды деп айта алмаймын. Өйткені мен оркестрге келген уақытта жас болдым. Әкем өмірден өткен соң оркестр ыдырап кете жаздады. Мен алғашында консерватория бітірген жылдары оркестрге тағылымдамадан өту мақсатында келдім. Сол жылдары оркестр ұжымында әкемнің көзін көрген музыканттар қызмет етті. Араға біраз уақыт салып оркестрге бас дирижер қызметіне тағайындалдым. Қызметке алғаш кіріскен жылдары музыканттардың басым бөлігі қолдау танытып, қолдан келгенше көмегін аямады. Бұл жаңа басшы үшін өте маңызды. Себебі бастапқыда музыканттар тарапынан қолдау болмаса, мұндай жоғары деңгейге бірге жету мүмкін емес еді. Әрине, мен жас болдым. Жұмыс барысында көптеген мәселе туындады. Бірақ кезінде қиындық тудырған сол мәселелер уақыт өте келе біздің тәжірибелі маман ретінде қалыптасуымызға ықпал етті.

— Сіздің пікіріңізше, қазіргі қазақ қоғамының мәдени стратегиясында фольклорлы-этнографиялық бағытқа жеткілікті деңгейде назар аударылып отыр ма? Бұл бағыттың дамуына әсер ететін кедергілер бар ма?

— Иә, кедергілер жеткілікті. Бірақ мүмкіндігінше бізді қолдайтынын айтқым келеді. Кей кезде оркестрге аспаптар қажет болса, шеберлер қажетімізді өтеп, бізге жаңа аспаптар жасап береді. Әзірге гастрольдік сапарларымыз да тоқсаусыз жүріп жатыр. Биыл оркестр ұжымы үшін ғана емес, күллі қазақ елі үшін маңызды жыл. Өйткені осы жылы әкемнің 100 жылдығы. Ең бір қуаныштысы да сол, ісі қазақ қана емес, әлем елдері әкемнің қайталанбас тұлға екенін мойындап келеді. Сондай-ақ әкемнің 100 жылдығы ЮНЕСКО-ның атаулы күндер тізбесіне енсе, ТҮРКСОЙ түркі мәдениеті ұйымы 2025 жылды Нұрғиса Тілендиевті еске алу жылы деп жариялады.

— Әңгімеңізге рақмет! Шығармашылық табыс тілейміз!

Сұхбаттасқан  
Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ

## ДОМБЫРА КҮНІ ҚАЛАЙ ӨТЕДІ?

Елімізде жыл сайын шілде айының алғашқы жексенбісінде Ұлттық домбыра күні аталып өтіледі. Биыл бұл мереке 6 шілдеде тойланбақ.



2018 жылы Президенттің бас-тамасымен бекітілген бұл мереке ұлттық бірегейлікті нығайтуға, жастардың дәстүрлі мәдениетке қызығушылығын оятуға және ұрпақтар сабақтастығын насихаттауға бағытталған. Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі осы күнге орай өтетін республикалық іс-шаралар жоспарын бекітті.

Жоспарға сәйкес биыл ел көлемінде 300-ге жуық іс-шара ұйымдастырылады, оның 200-ден астамы өңірлерде жоспарланған. Ертең Алматы қаласындағы MEGA Alma-Ата ашық алаңында Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық халық аспаптары оркестрінің мерекелік концерті өтеді. Сонымен қатар Көктөбе саябағының алаңында Dombyra party атты салтанатты концерт ұйымдастырылады.

Астанадағы амфитеатр алаңында Ұлттық домбыра күніне арналған мерекелік концерт өтеді. Қазақстан Республикасының Ұлттық музейінде көрнекті композитор Нұрғиса Тілендиевтің 100 жылдығына арналған концерт ұйымдастырылады.

Жамбыл облысында «Көне Тараз» археологиялық саябағы аумағында «Ұлттық домбыра күні — баба үніне құрмет» атты музыкалық кеш өткізу жоспарланды.

Түркістанда «Әзірет Сұлтан» тарихи-мәдени музей-қорығының алаңында «Домбыра — дастан» атты мәдени-көпшілік іс-шара ұйымдастырылады. Сонымен қатар елімізде Домбыра күніне орай челлендж өтіп жатыр, оған 100-ге жуық мәдениет саласының көрнекті өкілі қатысуда.



# ҰЛТТЫҚ ДОМБЫРА КҮНІ

5 ШІЛДЕ 2025 | СЕНБІ



Биыл 6 шілдеде отандастарымыз Ұлттық домбыра күнін атап өтеді. Мерекелер қатарына 2018 жылы қосылған бұл мейрам қазақпен бірге жасасып келе жатқан, дала өркениетінің ажырамас бөлшегіне айналған көне аспаптың жаһанға танылуына қызмет етеді. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев баршаға ортақ құндылыққа айналған домбыраны жан-жақты насихаттап, жас ұрпақтың санасына сіңіру өте маңызды екенін атап өткен еді.

## ҰЛТТЫҢ БОЙТҰМАРЫ

### Амангелді ҚҰРМЕТ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев 2022 жылы Ұлттық домбыра күніне арналған құттықтауында: «Шын мәнінде, қазақтың кара домбырасы — ұлтымыздың бойтұмары. Оның үні әрқайсымыздың жүрегімізге жақын. Өйткені қазақ пен домбыра — бір-бірінен бөліп қарауға болмайтын егіз ұғым. Академик Ахмет Жұбанов «Домбыра — көшпелі елдің көнекөз шежіресі» деп бекер айтпаған. Қастерлі аспаптың қос ішегіне халқымыздың бүкіл болмысы сыйып тұр», — деген еді. Расында да домбыра қарапайым музыкалық аспап емес. Ол ұлт жадын жаңғыртатын, ауызша тарих пен этнографиялық мұраларды қадымнан бүгінге жеткізетін, ұлттың ұланғайыр музыкалық мұрасының басым бөлігін бойына жинақтаған аспап. Тіпті, домбыраны аспап дегеннен көрі құндылық деп атаған әлдеқайда жарасымды сияқты. Ол ұлттық бірегейліктің негізгі ұстындарының біріне айналып кеткен құрал. Сондықтан мемлекет домбырада күй тарту өнерін UNESCO-ның адамзаттың материалдық емес мәдени мұрасын тізіміне енгізуге қол жеткізді. 2014 жылдың 26 қарашасында халықаралық ұйым тізімін осы күй өнері толықтырды.

Қызығы сол, домбыра аспабы ғасырлар тереңінен келе жатқан, әр дәуірдегі өзгерістер мен жаңашылдыққа ыңғайлы әмбебап аспап. «Тоғыз перне, екі ішекті» деп саналған көне аспап қазір заманауи оркестерлерде де қолданылып жүр. Тіпті этно-рок, неофолк, электронды музыка сияқты ең заманауи бағыттармен де үйлеседі. 2000-жылдардың басында «Ұлытау» тобының домбыраны эстрадаға алып келгені елдің есінде. Ал қазір домбыраны заманауи музыка құралдарынан бөліп қарастыру да қиын. Отандық талай өнерпаз халықаралық сахналарда домбыраның сүйемелдеуімен ән салды. Домбыра Димаш Құдайбергеннің де серігіне айналды. Әлем жұрты қазір қазақтың осынау аспабының мүмдіктерін әбден мойындады. Бұл дегеніңіз — ұлт мәдениетін мойындау деген сөз. Мысалы, жапон музыканты Акира Такегучи Ыстанбұл қаласында домбырамен танысып, қазір Жапонияда

тұрақты қойылымдар ұйымдастырып, ұлттық аспап пен Қазақстанға қызығушылық танытып жүр. Британиялық Сабина Мастерс күйеуімен бірге Атырау қаласына көшіп келіп, қазақ тілін үйреніп, домбыра ойынын меңгере бастады. Кейін ол Ұлыбританияға екі домбыраны әкеліп, қазір Англияда студенттерге бағдарлап Құрманғазының күйлері мен рөлі туралы диссертация жазуды жоспарлап отыр. Америкалық Джефф Герш өз жұмысында домбыраны рок-н-ролл бағытымен үйлестіре отырып қолданады. Қазақстандық музыкант Әйгерім Мырзахмет негізін қалаған World Dombra Academy жобасы шетелдіктерге домбыра шертуді үйретіп жатыр.

Айтпақшы, жаһандану дәуірі домбыраға ұлт жастарының да көзқарасын өзгерткен. Бұрын үйдің төрінде ғана тұратын аспап, қазір нағыз бұқаралық музыка құралына айналды. Қазақ жастары көшеде гитара шертіп, ән салып өскен аға буынның «мұрасын» өзгертті. Ел қалаларының көрікті жерлеріне, саябақтарға домбыраны алып шықты.

2012 жылы басталған Dombura party деп аталатын дәстүрлі іс-шара — соның айғағы. Бір топ блогердің ұлттық аспаптарды, мәдениетті, игі дәстүрлерді сөнге айналдыруды көздеген бастамасы бүгінде әлемге таралған флешмоб үлгісіндегі қозғалысқа айналды. Тек 2012 жылдың жазында Dombura party іс-шарасы Астанада, Алматыда, Атырауда, Шымкентте, Петропавлда, Жанаөзенде, Оралда және басқа да қалаларда өткен. Флеш-мобты Монғолияның Баян-Өлгей аймағындағы қазақтар іліп әкетті. Сөйтіп сол елдің астанасы Уланбатырда Dombura party өтті. Түркия қазақтары мен сонда оқитын қазақ жастары Ыстанбұлда, Анталияда, Анкарада осындай іс-шара ұйымдастырды. 2013 жылы Dombura party Лондонда, Лиссабонда, АҚШ-тың бірнеше қаласында өтті. Кейін әлемнің көптеген аймағын қамтитын іс-шараға айналып кетті. 2012 жылдың 16 тамызында Астанадағы Бөйтерек монументінің жанында домбырамен ән салған Аршат Оразов, Алдан Жылгелді, Нұрғиса Асылбеков, Маралбек Сағынғанов, Жанасыл Болатбек, Данияр Алан, Алмас Алтай және Нұр-



**Расында да домбыра қарапайым музыкалық аспап емес. Ол ұлт жадын жаңғыртатын, ауызша тарих пен этнографиялық мұраларды қадымнан бүгінге жеткізетін, ұлттың ұланғайыр музыкалық мұрасының басым бөлігін бойына жинақтаған аспап.**

берген Макым атты сегіз жігіттің бастауымен дүниеге келген, домбыраны насихаттайтын шара қазір мемлекеттік идеологияның ажырамас бөлшегіне айналған. Жылдар өтсе де жаңғырып, канатын кеңге жайып келеді.

Қазақ жастарының бұлай белсенуіне ешкім нұсқау берген емес. Тәуелсіз ұрпақ санасында қалыптасқан идеядан басталды. Өзара ұйымдасты, игі істі бастады. Мұның өзі домбыраның ұлтынытымағын арттыруға, жастар санасын трансформациялауға да қабілетті аспап екенін көрсетсе керек. Ал Мемлекеттік ұлтпен тағдырлас аспап үшін арнайы атаулы күн, айырықша мереке тағайындауы домбыраның мәртебесін асырып, танымалдығын арттыратын қадам болғаны сөзсіз.



Алмас АЛТАЙ,  
блогер:

**ҰЛТТЫҚ АСПАПҚА  
ҒАЖАП ҚҰРМЕТ**

Бұл таза аяқ астынан, тіпті «арты бұндай қозғалысқа ұласып кетеді екен-ау» деп «күдік-

тенбестен» басталған шаруа еді. Өзіміз тығыз араласатын азаматтар — КерекИнфо деген сайттың қолданушылары жиылып отырып, сол жиыннан соң көшеге шығып кете салған едік...

«Басы қараның бәрі игі» демеі ме қазақ, ұлтқа қызметтің үлкен-кішісі болмайды ғой — Dombura party да өз әлінше бір тетік боп әсер еткен шығар. Артынша Асық Party дегенді бір жігіттер ұйымдастырып жүрді. 2012-жылдары Астана қазіргіден біршама орысқол еді ғой, сол тікбақай қалаға сәл-пәл қазақылық сыйлаған шығар осындай шаралар. Дегенмен домбыраны танымал еткен, ұлықтаған, қастерлеген — ол «Домбыра күні» деп арнайы атаулы дата белгіленгені болды деп түйемін. Біздің өткізіп жүрген шараларымыз халық ішінде, ел арасындағы қадірін арттырар, ал Ұлттық аспапқа арнайы мәртебе беріп, күн белгілеу — ол бір ғажап құрмет болды.



Нұрғиса АСЫЛБЕКОВ,  
аудармашы:

**МЕНІ «ПАТИМЭН»  
ДЕП ТЕ АТАҒАН**

2012 жылы бір топ азамат, КерекИнфо дейтін сайттың әкімшілері мен қолданушылар Астанадағы Нұржол бульварында, «Керуен» ойын-сауық орталығының алдында отырып домбыра тартып, ән салуға уағдаласқанымыз бар. Сөйтіп тамыздың аяғында бастадық. Ешқандай патронажсыз, ешкімнің қолдауынсыз, саяси ұрансыз, өзіміз өткізіп жүрген флешмоб еді. Әкімдіктердің, шенеуніктердің қатысы жоқ, дербес форматта өтетін іс-шара ғой. Әлі күнге дейін солай жалғасып келе жатқан болуға тиіс. Осы бастама кейін жан-жаққа тарайды. Басқа қалаларда, елдерде өтті. Өз басым Түркияның Ыстанбұл қаласында, Ұлыбритания астанасы Лондонда, еліміздің 7-8 қаласында осы шараны өткізіп-пін. Бәлкім содан шығар, бір кездері мені «патимэн» деп те атаған.

## АЙМАҚ

5 ШІЛДЕ 2025 | СЕНБІ

## БӘРЕКЕЛДІ!



Семей қаласындағы облыстық тарихи-өлкетану музейінде Ұлттық домбыра күніне арналған «Ұлы дала үнісің сен, домбыра!» атты көрме ұйымдастырылды. Аталмыш шара Ұлттық домбыра күнін кеңінен насихаттауға және қазақ халқының төл өнері мен мәдени мұрасын дәріптеуге бағытталған.

Көрменің негізгі мақсаты – өлкетану музейінің қорында сақталған, еліміздің белгілі ақындары мен өнер қайраткерлеріне тиесілі жеке домбыралар арқылы қазақ халқының ұлттық рухани мұрасын кеңінен таныстыру, домбыраның өнер мен мәдениеттегі ерекше орнын айшықтау.

## ҚҰДІРЕТ БАР

Көрме барысында келушілер тарихи тұлғалар пайдаланған домбыралармен танысып, олардың шығармашылық жолы мен мәдениетке қосқан үлесі туралы мол мағлұмат алды. Экспозицияда ұлттық аспаптың әртүрлі үлгілері мен ерекшеліктері көрсетіліп, домбыраның қазақ күй өнері мен ән дәстүріндегі маңызы айтылды.

«Ұлттық домбыра күні – халқымыздың рухани байлығын, төл өнерін ұлықтайтын мереке. Бүгінгі ұйымдастырылып отырған «Ұлы дала үнісің сен, домбыра!» атты көрменің мақсаты – қазақтың киелі аспабы арқылы ұлттық мәдениетті насихаттау. Бұл көрме – бір ғана музыкалық аспапты көрсету емес, бұл – тұтас бір дәуірлердің, тарихи тұлғалардың рухын сезіндіру, жастарға өнеге беру. Ата-бабалардан мирас болған асыл өнер арқылы біз жас ұрпақтың

## Домбыра ішегінде

бойына ұлттық құндылықтарды сіңіре аламыз. Домбыра – халқымыздың үні, шежіресі, тектілігінің нышаны. Осындай рухани-мәдени шаралар арқылы біз төл өнерімізге деген құрметімізді көрсетеміз. Көрмеге арнайы келіп, атакты күйшілер мен өнер саңлақтарының домбыраларын көруге келген барша жұртшылыққа алғысымды білдіремін, – деп атап өтті Семей қаласының облыстық тарихи-өлкетану музейінің директоры Қайрат Сабырбаев.

Көрмеге Абай дәстүрінің жалғастырушылары Сапарғали Әлім-

бетов, Тәнірберген Әміренов, дүлдүл әншілер Жәнібек Кәріменов, Болат Сыбанов, Келденбай Өлмесеков, Мейрамбек Ахметов, Кентау Назарбек, Берік Омаров, ақындар Ақылбек Манабаев, Дәметкен Омарбаева, Абайдың жиені Балтабек Ерсәлімов, композитор әрі күйші Рахымбек Ноғайбаев, белгілі ғалым Амантай Исин және басқа да өнер қайраткерлерінің домбыралары қойылды.

Сонымен қатар 30 маусым күні Абай облысында ерекше флешмоб ұйымдастырылды. 200 полицей бір уақытта бірдей «Адай» күйін орындады. Іс-шара Семей қаласындағы Абай музейінің алдында өтті – бұл халқымыздың рухани құндылықтары тоғысатын қасиетті мекен.

күніне арналған ерекше және шабыттандыратын Jam session музыкалық іс-шарасын өткізді. Шараға олар өңірдегі әйгілі «Үш қыран» тобының құрамынан дәстүрлі әнші Қуанышбек Ахметбекұлын шақырды. Ол қызметкерлерге Jam сессиясын өткізу тәртібін үйретті. Іс-шараның бастамашылары мекеменің өнерге бейжай қарамайтын қызметкерлері болды, олардың арасында көптеген талантты орындаушылар бар. Импровизацияланған концерттік аймақта Құрманғазының, Дина Нұрпейісованың әйгілі күйлері, сондай-ақ авторлық аранжировкадағы заманауи композициялар шырқалды. Музыкалық кездесу атмосферасы ата-баба рухына, тарихты құрметтеуге және елдің мәдени мұрасына деген мақтанышқа толы болды.

– Мен бұл шараға шақырту алған кезде қатты таң қалдым. Бұл музыканттар жиналып, дайындықсыз және белгілі бір келісімсіз ойнайтын бірлескен музыкалық сессия. Мұндай оңай емес жұмыс істейтін қызметкерлер домбырада жақсы ойнай алатыны қуантарлық жағдай, – дейді дәстүрлі әнші Қуанышбек Ахметбекұлы.

Еске сала кетсек, Қазақстанда жыл сайын шілде айының алғашқы жексенбісінде ұлттық Домбыра күні атап өтіледі. 2018 жылы Президенттің бастамасымен бекітілген бұл мереке ұлттық бірегейлікті нығайтуға, жастардың дәстүрлі мәдениетке қызығушылығын оятуға және ұрпақтар сабақтастығын насихаттауға бағытталған.

Кербез ЕСІМ

## БІЛІМ

## БАЛА ТАҢДАЙДЫ, МЕМЛЕКЕТ ҚОЛДАЙДЫ

Шымкент қаласында қосымша білім беру саласына жаңа серпін беретін тың бастама – ваучерлік қаржыландыру жүйесі толық іске қосылып, оның тиімді жүзеге асырылуын қамтамасыз етуге бағытталған нақты шаралар қолға алынды. Осыған орай, Шымкент қаласы әкімдігінің мәжіліс залында қала әкімінің орынбасары Сәрсен Құранбектің төрағалығымен кеңейтілген жиын өтті. Басқосуға қалалық қоғамдық кеңес мүшелері, салалық басқарма басшылары, білім беру ұйымдарының өкілдері мен ата-аналар қауымдастығының мүшелері қатысты.

Назгүл НАЗАРБЕК,  
Шымкент қаласы

Жиын қосымша білім беруге бірыңғай мемлекеттік тапсырыс аясында ваучерлік қаржыландыру жүйесін енгізу барысындағы өзекті мәселелерді саралауға арналды. Бұл жүйе балалар мен ата-аналарға өздеріне қажет үйірмені немесе білім беру орталығын дербес таңдауға мүмкіндік беріп, мемлекеттік қаражатты сол таңдауға сәйкес тікелей жеткізушіге бағыттауды көздейді. Яғни, қаржы – баланы жетілдіретін ортаға барады. Мұндай әдіс әлемнің дамыған елдерінде кеңінен қолданылып келеді.

Сәрсен Абайұлы өз сөзінде ваучерлік жүйенің басты мақсаты – балалар мен жасөспірімдердің жан-жақты дамуына, шығармашы-

лық қабілетін арттыруға, бос уақытын тиімді пайдалануға жағдай жасау екенін атап өтті. «Қосымша білім беру саласына бөлінетін қаражат көлемі соңғы жылдары бірнеше есеге өсті. Бұл мемлекет тарапынан балалардың әлеуетін ашуға бағытталған үлкен қолдау. Алайда мұндай ауқымды қаржыны тиімді әрі заңды түрде пайдалану барлығымыз үшін ортақ міндет. Жүйе сапалы өнім берушілердің іріктелуіне, бәсеке-лестік орта қалыптасуына негіз болады. Қазір таңдау құқығы – ата-аналар мен балалардың өзінде», – деді қала әкімінің орынбасары.

Шымкент қаласында ваучерлік қаржыландыру жүйесі аясында 344 жекеменшік үйірме мен орталық жұмыс істеуде. Олардың қызметі Artsport.edu.kz платформасы арқылы қадағаланады. Бұл жүйе ар-

қылы ата-аналар баласына қажетті үйірмені онлайн форматта таңдап, өтінім бере алады.

Мемлекеттен бөлінетін қаржылық қолдау мөлшері де нақты белгіленген. Мәселен, қарапайым балалар үшін – ай сайын 15 000 теңге, ал ерекше білім беру қажеттілігі бар балалар үшін – 22 500 теңгені, мүгедектігі бар балаларға 30 000 теңгені құрайды.

Жиында Сәрсен Абайұлы жалпы бұл бағытқа жыл сайын 10 миллиард теңге көлемінде қаражат қарастырылып жатқанын, алайда осы ауқымды қаржының мақсатты әрі заңды жұмсалуды басты назарда болуға тиістігін атап өтті.

Кездесу барысында әкім орынбасары кейбір заңбұзушылық фактілерді де атады. Олардың қатарында бір педагогтің бір мезгілде бірнеше үйірмеде қатар жұмыс істеуі, бір баланың 5-7 үйірмеге бір уақытта тіркелуі және қызмет көрсетпей-ақ қаржы игеру әрекеттері болған. Бұл жағдайлар жүйенің ашықтығын бұзатын, қаражатты тиімсіз пайдалану тәуекелін арттыратын келенсіздіктер ретінде сынға алынды.

«Мұндай заңбұзушылықтарға жол берген жеткізушілерге қатысты шара қолданылып, тиісті органдарға мәлімет жолданады. Біз тек сапалы қызмет көрсететін орталықтарға қолдау білдіреміз», – деп нақтылады Сәрсен Құранбек.

Кездесуде бәсекелестік ортаның маңыздылығы ерекше атап



өтілді. Қаладағы үйірмелер мен орталықтар санының өсуі сапа мен қолайлы жағдайды арттыруда негізгі тетік болады. Ата-аналар мен балалардың сұранысына сай жұмыс істейтін орталықтар нарықта өз орнын сақтап қалса, қызмет сапасы төмен жеткізушілер біртіндеп нарықтан ығыстырылатыны айтылды.

Сонымен қатар ерекше қажеттіліктері бар балаларға арналған инклюзивті үйірмелердің санын арттыру, білім беру қызметінің сапасын бақылау жүйесін жетілдіру, ұдайы мониторинг жүргізу, оқытушылардың біліктілігін арттыру сияқты міндеттер де алға қойылды.

Жиын қорытындысымен қала әкімінің орынбасары ваучерлік қаржыландыру жүйесінде ашықтықты қамтамасыз ету, білім беру жеткізушілерін аккредиттеу және мониторинг жүргізу механизм-

дерін күшейту, жалған деректер мен бұрмалаушылықтарға жол бермеу, қоғамдық кеңес пен ата-аналар ұйымдарының қатысуымен тұрақты қоғамдық бақылау орнату және балалар мен ата-аналарға арналған ақпараттық түсіндіру жұмыстарын күшейтуді ұсынды.

Шымкент қаласында енгізілген ваучерлік қаржыландыру жүйесі тек қосымша білім беруді дамыту ғана емес, балалардың тұлғалық дамуына, жаңа қабілеттерді ашуға жол ашатын маңызды қадам. Бұл жүйе арқылы баланың қызығушылығы бірінші орынға шығып, мемлекет сол таңдау үшін нақты қаржы төлейді. Жаңа бастаманың түпкі мақсаты әр баланың арманына жол ашу, талантын ұштау, әлеуетін арттыру. Сондықтан да мемлекет қолдайды, ал бала таңдайды, сапа басты талап ретінде қала береді.

5 ШІЛДЕ 2025 | СЕНБІ



Бұл көрсеткіштер алдыңғы айға қарағанда әлдеқайда төмен. Өйткені мамырда жеті бірдей отандық кинотуынды көрерменге жол тартқан еді. Бұдан ұлттық киноға деген қызығушылық толықтай жоғалып кетті деу де қате пікір. Мәселе — ұсынылған өнімнің сапасы мен көркемдік деңгейінде. Көрермен ұлттық болмысты, өзіне таныс өмір шындығын экраннан көргісі келеді. Бірақ бұл сұранысқа жауап беретін фильмдердің үлесі әлі де аз. Мұның себебін киносыншылар маркетингтік жарнамаларға бөлінетін қаржының аздығы деп түсіндіреді. Мәселен, жоғарыда аталған «Тимбилдинг» және «Биік сезім» киносының екеуі де коммерциялық жоба. Біріншісі комедия жанрында түсірілген. Көрікті таулы өңірде компания директоры өз қызметкерлеріне арналған тимбилдинг ұйымдас-тырады. Ойнатылған лоторея билеттерінің бірінде ұтыс шық-қанда тату-тәтті болып жүрген ұжым кенеттен ашкөздік пен көреалмаушылық билеген гладиаторлар аренасына айналады. Таудағы демалыс күтпеген жерден қатаң тартысқа, үлкен олжа үшін жүріп жатқан қатыгез күреске ұласады. Екіншісі — ромком жанрындағы махаббат хикая-сы. Фильмнің басты кейіпкері Биік — ширақ, бойы аласа жігіт. Өзінің курьерлік компаниясы бар. Өмірлік жарын кездестіре алмай жүрген ол бір күні жол апатына түсіп, бойшаң әрі көрікті қыз Сезіммен танысады. Фильмнің со-ңында Биік романтикалық кадам жасап, Сезімге сезімін білдіреді. Осылайша, бойының ұзындығы емес, жүректің кеңдігі маңызды екенін дәлелдейді. Бұл фильмдер алдыңғыдай рекорд орнатып, касса жинамағаны рас. Өйткені олардың алдын голливудтық фильмдер орап кетті. Рейтингте де көш бастап тұр. Себебі бір айда 28 шетелдік кино прокатқа шыққан болса, олардың күніне 1-ден 12-ге дейін сеансы қойылады.

Көрермен үшін таңдау көп. Голливудтың жазғы блокбас-терлері, шетелдің көп бюджетті жобалары, көрші елдерден жеткен жанрлық фильмдер экрандарды жаулап алды. Ал отандық кино сол көрермен назары үшін күресте бәсекеге түсе ала ма? Саланың басты кемшілігі жүйелі қолдау-дың, кәсіби сценарий мен марке-тингтің жетіспеуінде ме? Кино-сыншылар ай қорытындысы бойынша өздері үшін үздік болған киноны талдай келе, біз жолдаған сұрақтарға жауап берді.

**Кәрім ҚАДЫРБАЕВ,**  
киносыншы:



Өткен айда кинотеатрдан көрсетілген фильмдердің санын анықтау үшін Тикетон сайтының мұрағатын ақтардық. Есептеуімізше, маусым айында бас-аяғы 36 киноның премьерасы көрсетілген. Оның үшеуі ғана — отандық өнім. Олар: коммерциялық бағыттағы «Тимбилдинг» және «Биік сезім» киносы болса, кейінгісі — «Қазақфильм» ұлттық киностудиясында жасалған «Алтын адам» анимациялық жобасы.



— Шынымды айтсам, өткен айдың қорытындысы бойынша, көңілімнен шыққан кино болма-ды. Брэд Питт басты рөлде ойна-ған «Формула 1» фильмі ғана ұнады. Иә, бұл — Голливудтың жазғы блокбастеріне тән барлық шаблонмен жасалған кәдімгі экшн. Бірақ Питтін тамаша актер-лік шеберлігі, динамикалық мон-таж және Ханс Циммердің әсерлі саундтрегі фильмге «кино сиқы-рын» сәтті сыйлайды. Сол үшін бұл туындыны кинотеатрда көру керек. Үйде қарасаңыз, мұндай әсер қалдырмауы мүмкін. Ал отандық киноның басым бөлігі әлі де комедия жанрында түсіріліп келеді. Өйткені көрерменнің оған белгілі бір сұранысы бар. Қоғам терен әлеуметтік дағдарысты бас-тан өткеріп жатыр. Сондықтан адамдар бойда жиналып қалған күйзелістен өзін мен күлкі арқылы арылғысы келеді. Қазіргі қазақ киносына, ең алдымен, мықты сценаристер жетіспейді. Біз мы-наны түсінуіміз керек: кинода «табысы көп» және «сапалы туын-ды» деген түсінік бар, бірақ олар-ды шатастырмауымыз керек. Шын мәнінде, сапа мен табыс әрдайым қатар жүрмейді. Кассада жақсы нәтиже көрсеткен фильм көркемдік тұрғыдан әлсіз болуы мүмкін. Сол себепті «көрермен көп жиналды» деген өлшеммен ұлттық киноның деңгейін бағалау да біржақты пікір. Бұл екеуі үнемі бір ұғымды білдірмейді. Мысалы, кейбір өте әлсіз жобалар прокатта сәтті болғанымен, көркемдік тұрғыдан алғанда нағыз шалағай дүние.

**Жанкелді ӨМІРӘЛИЕВ,**  
Қазақстан киносыншылар қауымдастығының мүшесі:

— Маусым айында біздің кинотеатрлардан көрсетілген



фильмдердің ішінде маған ұнаған-дары — қытайдың «Айдахар пат-шасына қарсы шыққан Нэчжа» мультфильмі, америкалық «Ма-териалистка» романтикалық ко-медиясы және екі үлкен блок-бастер — Бред Питт ойнайтын «Формула 1» және зомбилар ту-ралы «28 жыл бұрын» картина-лары. Отандық кинематографис-тер жаз айларын көп менсінбейді және бұл мезгілде көп фильмдерін шығармайды.

Қытайдың «Нэчжа 2» мульт-фильмі — осы жылдың басты сен-сацияларының бірі. Жыл басында Аспан асты елінде прокатқа шық-қан бұл анимация 2 миллиард доллардан астам қаражат жинап алды. Қазір ол кино тарихындағы ең көп ақша жинаған мультфильм болып саналады және әлемдегі ең табысты фильмдердің бестігіне кіреді. Керемет көрсеткіш. Ани-мацияның мазмұны да ерекше — Қытай мифологиясына негіздел-генмен қазіргі заманға сай етіп жасалған. Өте мықты кейіпкерлер, сюжеті неше түрлі аллегорияға толы және барлық жастағы көрер-менге қызық. Мұндай сапалы анимация өкінішке қарай біздің елде қазір жоқтың қасы.

«Материалистка» фильмі кө-рермендерді екіге бөлді. Картина қазіргі замандағы әйел мен еркек арасындағы қарым-қатынастарды

жақсы зерттеп, көптеген ауыр та-қырыпты көтереді. Бас кейіпкер — сұлу да табысты әйелдің өмірінде бір мезетте екі жігіт пайда болады. Біреуі — бай, әдемі, ақылды, сым-батты, сөзінде тұратын, былай айтқанда нағыз қыздардың ар-манындағы жігіт. Екіншісі — 30-дан асса да тұрақты жұмысы жоқ, әлі достарымен пәтер жалдап тұратын қыздың жастық шағын-дағы бұрынғы жігіті. Фильм әлеу-меттік желілерде бірталай пікір-

емес, адамның ішкі әлемін тануға, өз орнын табуға, қабылдау мен өзін-өзі сүйеге арналған нәзік ме-тафора. Pixar студиясы өз дәс-түрінен жаңылмай, тағы да күр-делі психологиялық тақырыпты қарапайым әрі әсерлі формада жеткізе білген.

«Элио» — бүгінгі ұрпақтың жалғызсырағаны мен шынайы байланысқа деген мұқтаждығы жөнінде терең ой тастайды. Ани-мациялық формада ұсынылға-нымен, бұл фильм баланың емес, бала арқылы адамзаттың эмо-ционалдық және әлеуметтік жалғастығы туралы толғанысқа жетелейді. Элионың ғаламмен байланыс орнатуы — ішкі диа-логке, өзін тануға апаратын күр-делі жолдың көркем символына айналады.

Фильмнің тағы бір маңызды қыры — оның қазақ тіліне дубляж-далу сапасы. Соңғы жылдары елімізде дубляж мәдениеті тың қарқын алып келеді. «Элио» фильмі осы үрдістің нәтижелі жемісі деуге болады. Кейіпкер-лердің дауыс тембрі, эмоцияны беру техникасы, сөздің ұлттық бояуын сақтай отырып, көрер-менге әсерлі жеткізуі — отандық дубляж өнерінің кәсіби деңгейге көтерілгенін айғақтайды. Бұл — тек техникалық жұмыс емес, тіл мен мәдениетті сақтау жолындағы көркем миссия.

Фильмдегі анимация стилі, жарық пен көлеңке қатынасы, түстер палитрасы арқылы ішкі драматургияның берілуі — Pixar-ға тән көркем шешімдердің тағы бір дәлелі. Әсіресе, эмоция мен визуалдың үндестігі көрерменді Элионың ішкі күйзелісі мен үмітіне ортақтасуға итермелейді. «Элио» — заманауи анимацияның тек балаларға арналған өнім емес, үлкендерге де бағытталған көр-кемдік, тәрбиелік және филосо-фиялық мазмұнға ие күрделі туындысы. Қазақ тіліне сапалы дубляждалуы — бұл фильмді тек көру ғана емес, ұлттық тілдік ор-тада сезіну мүмкіндігін сыйлады. «Элио» — адамның ішкі әлеміне апаратын ғарыштық сапар.

Ал көркемсуретті фильмдерге көз жүгіртетін болсақ, соңғы онжылдықта комедия жанрының үстемдігі айқын аңғарылады. Ки-нотеатрлар репертуарынан ко-медиялық бағыттағы отандық фильмдердің басым болуы кез-дейсоқ құбылыс емес — бұл на-рықтық сұраныс пен өндірістік тиімділіктің түйіскен тұсы. Отан-дық киноның комедия жанрына байлануы — продюсерлік тәуе-келді азайтып, табыс табуға ба-ғытталған нарықтық стратегия-ның нәтижесі. Себебі комедия — көрерменге түсінікті, кең аудито-рияны қамтитын, тез өтетін жанр. Алайда аншлаг фильмдер көркем сапаның өлшемі емес. Кассалық табыс көркемдік ізденіс пен терең мазмұнның бар екенін білдірмей-ді. Сондықтан шынайы өнер туындысы болу үшін кино тек күлкі сыйлап қоймай, эстетика-лық, әлеуметтік, идеялық құнды-лықтарға ие болуы қажет.

**Дайындаған**  
**Сымбат БАУЫРЖАНҚЫЗЫ**

## ҰЛТТЫҚ КИНО ЖОЛЫН ТАППАЙ ТҰР

талас тудырып, талай жандардың жараларын ашты.

«28 жыл бұрын» мен «Формула 1» — бұл нағыз жазғы блокбастер-лер. Өте сапалы да саналы туын-дылар. Мазмұны жағынан да, экшн мен эффектiлер тұрғысынан да көрерменге қызықты жобалар. Бұл екі картинаны міндетті түрде үлкен экранда, ең үздік дыбыс-пен көру қажет — сол кезде ғана нағыз киноның магиясын сезінуге болады.

**Гүлім КӨПБАЙҚЫЗЫ,**  
киносыншы:



— Өткен айда отандық кино-театрларда көрерменге жол тарт-қан Disney мен Pixar-дың жаңа туындысы «Элио» анимациялық фильмі — қазіргі анимациялық кино кеңістігіндегі тың ой мен терең философияны ұсынған көркем өнім ретінде ерекше назар аудартады. Қазақ тіліне кәсіби деңгейде дубляждалған бұл туынды балалар мен ересектерге ортақ құндылықтар туралы сыр шертеді. Фильм сюжетінің негі-зінде — өзін «басқалардан ерекше» сезінетін, қоғамға бейімделе ал-май жүрген жасөспірім Элионың күтпеген жерден бүкіл ғалам аты-нан сөйлейтін тұлғаға айналуы жатыр. Бұл оқиға тек шытырман оқиға немесе күлкілі қиял ғана

## РУХАНИЯТ

5 ШІЛДЕ 2025 | СЕНБІ

Мәдени шара аясында ұйымдастырылған жылжымалы көрме көпшіліктің ерекше ықыласына бөленді. Көне дәуірлерге саяхаттайтын көрмеге мыңнан астам тарихи жәдігер қойылды, әсіресе қаған тәжінің көшірмелері, алтын әшекейлер, қимақ жауынгерлерінің қару-жарағы, Үржар абыз әйелі және Шілікті қорғанынан табылған аты аңызға айналған «Алтын адамның» реконструкцияланған бейнесі ерекше қызығушылық туғызды.

Қазақстанмен қатар Өзбекстан, Қырғызстан, Әзербайжан, Татарстан, Якутия және Түркиядан келген өнер шеберлерінің қатысуымен өткен гала-концерт фестивалдің сәнін келтірді. Мерекелік кештің шарықтау сәті — Берел қорғанынан табылған қасиетті Штандарт бейнесінің сахнада салтанатты түрде таныстырылуы болды. Бұл түркі халықтарының рухани тұтастығын білдіретін символ ретінде ұсынылды.

ТАРИХПЕН ТІЛДЕСКЕН  
ЖӘДІГЕРЛЕР

Шығыс Қазақстан облыстық тарихи-өлкетану музейі «Алтай — түркі әлемінің алтын бесігі» атты халықаралық фестиваль аясында өз қорынан ерекше жәдігерлерді ұсынды. Облыстық музейдің экспозициялық көрмелермен қамтамасыз ету бөлімінің меңгерушісі Альфия Бакбаеваның айтуынша, бұл шараның негізі бұған дейін Катонқарағайда өткен тарихи жиындардан бастау алады. Биыл музей тарапынан Шығыс Қазақстан аумағынан табылған, археологиялық құндылығы зор экспонаттар әкелініп, көрмеге қойылды. Бұл жәдігерлердің дені «Ұлы даланың алтыны» деп аталатын арнайы экспозициядан алынған.

Мұзей мамандары бірнеше жыл бойы бұл жәдігерлерді түрлі көрмелерде көрсетіп келеді. Олардың басты мақсаты — Алтай өңірін ежелден мекен еткен көшпелі тайпалардың мәдени мұрасын көпшілікке паш ету. Археологиялық деректерге сүйенсек, көне дәуірдегі тайпалар Алтайдан бастап Дунайға дейінгі аумақта тіршілік еткен.

Шығыс Қазақстанда Берел, Шілікті, Елекесазы, Қарақаба, Ақжайлау сияқты атакты қорымдар орналасқан. Осы қорымдарда 2016 жылдан бастап археологиялық қазба жұмыстары жүргізілді. Белгілі археологтар Зейнолла Самашұлы мен Әбдеш Төлеубаев зерттеген ескерткіштерден алынған артефактілердің ішінен ең құндысы — 7-8 ғасырларға жататын алтыннан жасалған тұрмыстық бұйымдар мен әшекейлер. Эксклюзивті жәдігерлердің арасында ат әбзелдері, алтынмен қапталған киім жапсырмалары, тұрмыстық заттар бар. Олардың барлығы аса шеберлікпен таза алтыннан жасалып, жоғары температурада балқытылған. Көрменің тағы бір ерекшелігі — сол дәуірдегі хан, бекзада, ханшайым тұлғаларының реконструкциясы. Археологиялық қазбалардан табылған сүйектердің негізінде олардың киімі, баскиімі, алтын бұйымдары мен тұрмыс-салтын қалпына келтіріп, көрермен назарына ұсынды.

ТҮРКІ РУХЫН  
ТҮЛЕТКЕН

## фестиваль

Катонқарағайда «Алтай — түркі әлемінің алтын бесігі» атты түркі халықтарының өнері мен мәдениетін тоғыстырған ауқымды халықаралық фестиваль өтті. Шараға 10 мыңға жуық көрермен жиналып, түркі әлемінің рухани-мәдени мұрасымен кеңінен танысты.



Көрмеде ерекше көзге түскен жәдігер — қаған бейнесі салынған алтын жапсырма.

«Бұл жапсырма Тарбағатай өңіріндегі Елекесазы қорымынан табылған. Ерте түркі дәуіріне жататын жәдігер сол заманның билеуші қағанының такта отырған бейнесін бейнелейді. Археологиялық зерттеулер барысында ғалымдар алтынмен қапталған киімдер, ат мініп отырған қаған мүсіні, тіпті мөр орнатылған жүзік те тапқан. Жүзіктегі таңба — таутеке бейнесі, ол түркі қағанатындағы Ашина тайпасының белгісі болған», — дейді Альфия Нұрланқызы.

## ШЕЖІРЕЛІ БЕЙНЕЛЕР

2005 жылы Таскескен — Бакты жолының бойынан табылған Үржар ханшайымы да көрмеден орын алды. Бұл — ханшайым емес, емші әйелдің бейнесі. Жанында алтыннан гөрі дәрілік өсімдіктер мен шөптер табылған. Киімі мен баскиімі емшілерге тән ерекше-

йнына таққан алтын моншақ. Бұл әшекей зергерлік өнердің «зернь» деп аталатын күрделі техникасымен жасалған. Пішіні тасбақаның сауытына ұқсас бұл моншақ көне көшпелілердің эстетикалық талғамының жоғары болғанын дәлелдейді. Сонымен қатар әйел киіміне тағылатын алтын жабыстырмалар да көрермен назарын аудартады. Олар өте жұқа үлбір алтыннан жасалған және нәзік жұмысымен ерекшеленеді. Десек те, көрменің ең әсерлі және бұрын еш жерде көрсетілмеген реконструкциясы — қаған бейнесі. Ол

өркениет тек Қазақстанмен шектеліп қалмай, ғанауқымды терриорияларға тараған. Әр өңірдегі көшпенділердің тұрмыс-салты, жерлеу дәстүрі, мәдени дамуы салыстырмалы түрде зерттелді. Жиын қорытындысында мамандар ежелгі көшпенді мәдениетін «дала өркениетінің негізі» деп атап, өткен мен бүгінді салыстыру арқылы оның жаһандық маңызын көрсетіп берді, — дейді Альфия Бакбаева.

## АЛТАЙДЫҢ АЛТЫН МҰРАСЫ

Шығыс Қазақстан облыстық тарихи-өлкетану музейінің «Ұлы дала алтыны» залы — көне көшпенділердің шеберлігін, бай мұрасын паш ететін құнды экспозициялардың бірі. Бұл залда алтыннан жасалған әшекей-бұйымдар, тұрмыстық заттар мен ат әбзелдері көрермен назарына ұсынылған. Бірақ бұл көрме музей ішінде ғана шектеліп қалмай, халықаралық деңгейде де жоғары бағасын алып келеді. Музей мамандарының айтуынша, «Ұлы дала алтыны» көрмесі соңғы жылдары бірқатар шетелдік музейлерде ұйымдастырылып, әлем жұртшылығына көшпенділер өркениетінің көркем келбетін танытты. Атап айтқанда, Ұлыбританиядағы атакты Фицуильям музейіне 15 мыңнан астам алтын жәдігер қойылып, үлкен қызығушылық тудырды. Бұл көрменің мақсаты — Еуропа елдеріне дала өркениетінің терең тамырын, өзіндік мәдениетін таныстыру болатын. Аталған көрме тек көрермендердің ғана емес, ғылыми қауымның да назарын аударды. Тіпті, әлемге әйгілі Аполло өнер журналы бұл экспозиция туралы мақала жариялап, оны әлемдегі үздік бес көрменің қатарына қосты.

Фестиваль шеңберінде «Алтайдың табиғаты» атты жылжымалы көрме көпшілік назарына ұсынылды. Сондай-ақ этноауыл аумағында халықтық колөнерді дамыту мен ұлттық брендті насихаттау мақсатында қолданбалы өнер шеберлерінің көрме-жәрмеңкесі өтті. Мұнда киіз басу, алаша тоқу, ағаш және тері өңдеу, зергерлік бұйымдар жасау сынды ұлттық колөнер түрлерінен шеберлік сабақтары ұйымдастырылып, аймақтың талантты шеберлері өз туындыларын ұсынды. Этноауыл аумағына тігіліп, көрмеге арналған киіз үйлерде әр ауданның мәдениеті мен жетістіктері паш етілді.

Бұдан бөлек, Шығыс Қазақстан облыстық өнер музейінде «Алтай табиғаты» атты ерекше көрме болды. Музей директорының орынбасары Есенбол Нактыбайұлының айтуынша, көрмеде ұсынылған туындылар — Шығыс Қазақстан Өнер музейінің қорында сақталған картиналар мен этюдтар.

Экспозицияға қойылған 20 жұмыс — 10 толық картина және 10 этюд. Бұл этюдтар — 2019 жылы өткізілген халықаралық пленэр барысында бір күнде жазылған, жергілікті және республикаға танымал суретшілердің қылқаламынан туған аяқталмаған шығармалар.

Аружан НҮРМАХАН

ерте түркі дәуіріне тиесілі, арнайы зерттеулер арқылы қалпына келтірілген. Бұл бейнеде қаған салтанатты түрде такта отырған, үстінде алтынмен апталған киім, басында тәж, қолында билік нышаны бар.

## АСПАН АСТЫНДАҒЫ МУЗЕЙ

«Фестиваль аясында Шығыс Қазақстанның Берел жерінде ауқымды ғылыми-мәдени іс-шаралар өтті. Фестивальдің басты ерекшелігі — шетелден келген танымал түркітанушы ғалымдардың қатысуы. Германия, Түрікменстан және басқа елдерден арнайы шақырылған профессорлар Алтай өлкесінің тарихи мұраларын зерттеуге атсалысты. Мамандар сапарының басты нысандарының бірі — Берел қорымы. Бұл — №5 оба «Аспан астындағы ашық музей» деп аталады. Қорым аумағында бірнеше оба бар, бірақ олардың ішінде ерекше назар аудартатыны — 11-обадан табылған 13 жұлді аттың сүйектері. Ғажабы сол — сол заманғы аттардың әбзелдері мен жабдықтары толық сақталған. Фестиваль аясында өткен халықаралық конференцияда ерте көшпенділердің саяси этногенезі, мәдениеті, тұрмысы кеңінен талқыланды. Ғалымдар сол дәуірдегі алтын, қола, темірді өңдеу технологияларын сөз етті. Бұл металлургиялық жетістіктер — көшпенділердің озық өркениетке ие болғанын дәлелдейді. Конференцияда айтылған тағы бір маңызды ой — сақ мәдениетінің ауқымы. Ғалымдардың пікірінше, бұл

# АСТАНА КҮНІ

5 ШІЛДЕ 2025 | СЕНБІ



— Алда келе жатқан Астана күні — мемлекеттік деңгейдегі маңызды мейрам. Бұл мерекенің сіз үшін мәні мен маңызы қандай?

— Астана күні — тәуелсіз Қазақстанның тарихындағы маңызды мерекелердің бірі. 1997 жылы еліміздің астанасы Ақмолаға көшірілді. 1998 жылы қалаға Астана атауы беріліп, 6 шілде ресми түрде Астана күні ретінде белгіленді. Осы уақыт аралығында жаңа елорда әлемдік деңгейдегі қалаға айналды. Мемлекетіміздің стратегиялық, саяси және рухани орталығы мәртебесін алды. Бұл мереке — тек қаланың емес, тұтас мемлекеттің дамуының белгісі. Сондықтан әрбір қазақстандық үшін Астана күнінің мәні ерекше. Себебі Астанамыз тәуелсіз Қазақстанның ертеңіне деген сенімінің символы. Еліміздің ілгері дамуы мен жаңғыруының айқын көрінісі.

2002 жылы жұмыс бабымен Астанаға ауысып келдім. Елордада, арнаулы қызметтің орталық аппаратында қызметті жалғастыру — әрбір офицер үшін арман. Сондықтан мен үшін Астана — армандар орындалатын қала. 2017 жылы генерал-майор атағын алдым. 2005 жылы «Жауынгерлік ерлігі үшін» медалімен, 2013 жылы II дәрежелі «Айбын» орденімен және 2021 жылы II дәрежелі «Даңк» орденімен марапатталдым. Қазақстан Республикасы Терроризмге қарсы орталығының штабын 4 жыл басқарып, лаңкестік пен діни экстремизмнің қаупін бейтараптандыруға, заңнамалық өзгерістер енгізуге үлесімді қостым. Астанада ұлдарым ер жетіп, отбасылы болды, немерелер сүйдім. Қызым 2005 жылы дүниеге келді. Биыл киберқауіпсіздік мамандығы бойынша Астана IT университетін бітірдім.

Бұл жалғыз ғана менің отбасымның тарихы, қуаныштары емес. Әр отбасында Астанамен байланыстырған армандары орындалып жатқанын білемін.

— Астана қаласының даму қарқынын қалай бағалар едіңіз? Соңғы жылдары қандай өзгерістер ерекше байқалады?

— Елорда жыл сайын қарқынды дамып келеді. Статистикаға сүйенсек, бүгінде Астана тұрғындарының саны 1,5 миллионнан асады. Соңғы 5 жылда тұрғындар саны 400 мыңға өсті. Халықтың осындай өсу динамикасына сәйкес қала инфрақұрылымы, әлеуметтік нысандар мен тұрғын үй құрылысы да қатар дамып келеді. 2024 жылдың өзінде 3,6 млн-нан аса шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді. Қала экономикасына 1,6 трлн теңге инвестиция

Ерекше келбетімен көрікті Астана биыл 27-ге толады. Елордамыз астана болып қалыптасуы үшін талай сынақтан өтті. Алғашында Ақмолаға ауысу туралы шешім қабылданса, кейін атауы өзгеріп, мемлекеттік мерекеге ұласты. Еуразияның жүрегіне айналып кеткен қаламыз бүгінде әлемнің әсем астаналарынан кем емес. Заманға сай зәулім үйлері, ғажайып ғимараттары, түрлі түсті жанып сөнген жарнамалары елордаға ерекше сән беріп тұрғандай. Біз Астана күні қарсаңында Астана қаласы мәслихатының депутаты Кендебай Сарыбайұлымен сұхбаттастық.

**Кендебай АДАМБЕК,**  
Астана қаласы мәслихатының депутаты:

## АСТАНА — ҰЛТТЫҚ РУХТЫҢ КӨРІНІСІ

тартылды. Жалпы, өңірлік өнім көлемі 5,4 трлн теңгеге жетіп, 7% болды. Бұл көрсеткіштер — елорданың соңғы жылдары тұрақты дамуының нақты дәлелі.

Соңғы екі жылда Астана қаласы мәслихатының депутаттарының тікелей араласуымен, Үкімет пен әкімшіліктің коммуналдық саладағы тың жұмыстарына жәрдемдестік. 3-ші суды филтрлеу стансасы іске қосылды. Осы құрылыстың аяқталуымен қалада алдыңғы 5-7 жылға ауысуға деген қажеттілік шешілді.

Ондаған жылға созылған 3-ші жылу электр орталығы құрылысының бірінші кезегі аяқталып, іске қосылды. Онымен қоса, «Тұран» және «Оңтүстік Шығыс» су жылыту газ стансаларының алдыңғы кезегі жұмысын бастап, 5-10 жылға тұрғындарды жылумен қамтамасыз етуге қол жеткіздік. Жыл сайын кемінде 60-70 көшелер салынып, күрделі және күнделікті жөндеуден өтеді.

Қалаға 700-ден астам жаңа автобустар алынып, халыққа қызмет көрсету деңгейін көтеруде. Мысалы, 2022 жылы елордада 35 ғана жаңа автобус алынған. 2025 жылдың мамырында қаланың шеткері 16 тұрғын массивіне жылдам интернет тартылып бітті. Бұл жұмыс инвесторлардың қаржысына жасалып, бюджет қаржысы үнемделді.

Астананы көгалдандыру, жаңа парктер мен саябақтар, қоғамдық кеңістіктер молынан ашылу. Абаттандыру мен тазалық мәселесі оң шешімін табу. Қала көз алдымызда көркейіп, тұрғындардың өмір сүруіне жайлылық сыйлап келеді.

— Елорданың қандай маңызды жетістіктерін атап өтер едіңіз?

— Астана қаласы мәслихатының бюджет, экономика, өнеркәсіп және кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясының жетекшілігіндегі салалар жүйелі дамуда. Шағын және орта бизнес қала экономикасының драйверіне айналған. Ол елорда экономикасының 72%-ын құрайды. Жалпы, Қазақстан Республикасы бойынша орташа 38,2% үлесін алып отыр. Бұл — республика бойынша ең жоғарғы көрсеткіш. Бұнымен қоса, 244 мыңнан астам кәсіпорын күн сайын жарты миллионнан астам адамды жұмыспен қамтуда. Яғни, қала тұрғындары

ның жұмысқа жарамдысының 70%-ын құрайды.

Астана қаласы өңірдегі ірі туристік орталықтардың бірі ретінде қарқынды дамып келеді. 2024 жылы Астана қаласының туристік секторы айтарлықтай өсім көрсетті. Келушілер саны 2023 жылмен салыстырғанда 14%-ға артып, 1,5 миллион адамға жетті. Бұл саланы бұдан әрі дамыту үшін биыл Astana Tourism туристік даму орталығы өз қызметін бастады. Оның негізгі мақсаты — халықаралық іс-шараларды елге тарту, туристік тартымдылықты арттыру және қонақтарға қолайлы жағдай жасау. Осы арқылы болжам бойынша 2025

ты көрсеткіші. Бюджет қалыптастыру процесі Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне және жергілікті өзін-өзі басқару жүйесінің талаптарына сәйкес кезең-кезеңімен жүзеге асырылады. Жыл басында 2025-2027 жылғы қала бюджетін бекіттік. Алдыңғы жылдардағыдай, бюджеттің шамамен үштен бірі әлеуметтік салаларға, яғни әлеуметтік көмек пен қамсыздандыру, білім беру,

денсаулық сақтау, мәдениет және спортқа бағытталды. Ең көп шығын үлесі дәстүрлі түрде мына салаларға тиесілі: білім беру — 365,2 млрд теңге, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы — 301,5 млрд теңге, көлік және коммуникациялар — 161,1 млрд теңге, сондай-ақ отын-энергетика кешені — 106,3 млрд теңге.

— Экономиканың бір тірегі ретінде кәсіпкерлерді жатқызамыз. Дегенмен бизнес иелері жиі түрлі кедергіге тап болып жатады. Қазір Астанадағы жергілікті кәсіпкерлер қандай негізгі қиындықтарға жиі ұшырайды? Осы мәселелерді шешу жолында мәслихат қандай нақты қадамдар жасап жатыр?



жылы Астанаға келетін туристер саны 1,7 миллион адамға жетеді. 2030 жылға қарай бұл көрсеткіш 3 миллионға дейін ұлғаюы мүмкін.

Елорданы цифрландыру бағыты да дамып келеді. Қала тұрғындарының қауіпсіздігі үшін 1 740 нысанға 15 039 бейнебақылау камералары орнатылып, интеграцияланған. Биыл тағы 14 000 бейнебақылау камералары жаңа мемлекеттік-жекешелік әріптестік шеңберінде орнатылды.

— Қаланың тұрақты дамуы мен тұрғындардың өмір сапасын арттыру тікелей бюджет саясатына байланысты. Астана қаласының жылдық бюджеті қалай қалыптасады? Оның негізгі басым бағыттары қандай салаларды қамтиды?

— Астана қаласының жылдық бюджеті — бұл стратегиялық құжат қана емес, мегаполистің әлеуметтік-экономикалық тұрақтылығы мен даму қарқынының нақ-

әрдайым бақылауында ұстайды. Биылғы II, III тоқсанда бас қаланың кәсіпкерлік қызметін қолдауға және дамытуға бағытталған жергілікті бюджет қаражатын пайдалану тиімділігі жөнінде мемлекеттік аудиті жоспарланған. Аудит барысында жауапты басқармалар мен кәсіпкерлердің өзара әрекеттесуі, бюджет қаражатын жұмсаудың нәтижелілігі және инвестициялық климаттың жақсартылу жағдайлары жан-жақты сарапталады.

— Алдағы 5 жылда Астананы дамыту жоспары қандай? Сіздің ойыңызша, қаланың қай салаларында серпіліс болуға тиіс?

— Құны 1.13 трлн теңге 329 іс-шарадан тұратын «2024-2028 жылдарға арналған Астана агломерациясын дамытуға арналған кешенді жоспар» бағдарламасын жүзеге асыруда. Биыл «2021-2025 жылдарға арналған Астананың даму жоспары» өз мәресіне жетеді.

Қазір Астана қаласының Экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасында құрылған жұмыс тобы аясында депутаттар, эксперттер және басқа да мүдделі басқармалар, аудан әкімдіктерінің қатысуымен «2026-2030 жылдарға арналған Астананың даму жоспары» жобасы дайындалуда.

Әрине, жоспар тұрғындардың әл-ауқатын және өмір сапасын көтеруге, Астананы адамдар үшін қала қағидатын ұстанып, заманауи, бәсекеге мығым қала болуға арналады. Әлеуметтік қорғау, білім, денсаулық, мәдениет, тіл, қала шеттерін дамыту, тазалық, көгалдандыру, абаттандыру, қоғамдық қауіпсіздік, бизнесті дамыту, өндірістің әлеуетін арттыру және тағы да маңызды мәселелер жоспарда өз орнын табады.

— Қала тек сәулетпен емес, саяси азаматтармен көркейеді. Осы тұрғыдан алғанда, елордамызды одан әрі дамытуда қала тұрғындарының ролі қандай болуы керек деп ойлайсыз?

— Астанаға әр тұрғын өз үйіндей қарау керек. Әр тұрғын массивінде, шағынауданда, тұрғын үй кешендерінде қоғам белсенділері бастамашыл түрде жұмыс істесе, тек қана құба-құп болар еді.

Астананың іздеушілері мен қамқоршылары көп болса, әр жобалар мен атқарылып жатқан жұмыстар сапалы болады, бюджет қаражаты тиімді игеріледі. Бірлесіп пішкен тон ешқашан келте болмайды.

— Астана күні қарсаңында қала тұрғындарына айтар қандай тілегіңіз бар?

— Астана тұрғындарын еліміздің жүрегі, тәуелсіздігіміздің символы Астана күнімен шын жүректен құттықтаймын. Бүгінде бас қаламызда 1,5 миллионнан астам адам тұрады. Оның ішінде 52 пайызы — әйелдер, 48 пайызы — ер азаматтар. 14 пен 34 жас аралығындағы жастардың үлесі жалпы халық санының 30 пайызын құрайды.

Астана қаласы — ғылым мен білімнің, мәдениет пен инновацияның ірі орталығы ретінде қалыптасып, қарқынды дамып келеді. Бұл қала — ел бірлігінің, тұтастығының, ұлттық рухтың нақты көрінісі.

Еліміздің болашағы жарқын болып, тәуелсіз Қазақстанымыздың көк байрағы әрқашан биікте желбірей берсін! Бас қаламыз гүлденіп, көркейе берсін!

— Сұхбатыңызға рақмет!

Әңгімелескен Әсет ҚАЛИ

# АСТАНА КҮНІ

5 ШІЛДЕ 2025 | СЕНБІ

Астана — іскерлік, мәдени, білім мен ғылымның тоғысқан орталығы ретінде әлем назарында. Жасыл желекпен көмкеріле, зәулім үйлер заманауи сәулет өнерімен түрлене түсіп, қанатын кенге жайған әсем қала — заманауи сәулет өнерінің ең соңғы, ең таңдаулы туындысы саналады.

Мұнда 200 жылға жуық тарихы бар көне ғимараттар ғаламның соңғы ғажайыптарымен үндесе, сынын сақтап, тереңнен сыр шертіп тұр. Қаладағы ең ескі деп таңдалған ғимараттар саны — 47. Олардың ең ішінде ең көне, әрі ең таңдаулыларын саналап көрейік...

Тәуелсіздік тынысы, егемен елдің жүрегі — Астана. Сарыарқаның сайын даласында еркелей аққан Есіл бойын жағалай бой түзеген көрікті шаһар. 1998 жылы 6 мамырда еліміздің еңселі елордасы — ресми Астана атауымен тарих сахнасына шықты. Сол жылы 1998 жылы 10 маусымда халықаралық тұсауы кесіліп, іле ЮНЕСКО-ның шешімімен Астана қаласына «Бейбітшілік қаласы» жоғары атағы беріліп, медальмен марапатталды. VIII ғасырда қазіргі қала орнында Бозоқ атты қала болғаны туралы деректер бар.

# Ғажайып СӘУЛЕТ МЕКЕНІ



үлкен 10 мешіттің қатарына енеді. Мешіт орналасқан жер учаскесінің алаңы — 10 гектар. Оның жалпы алаңы — 68 062 шаршы метр. Үлкен күмбездің биіктігі — 83,2 метр, диаметрі — 62 метр. Мешіттің төрт мұнарасы бар. Оның биіктігі — 130 метр. Сонымен қатар мешіттің жерасты қабатында 440 орындық банкет залы, 405 орындық жабық паркинг, вестибюль, дәретхана, техникалық, ритуалдық қызмет көрсету орны, құрбан шалу орны және басқа бөлмелер орналасқан. Мешіттің жалпы сыйымдылығы 235 000 адамды құрайды, яғни бір мезетте осында адам сапта тұрып намаз оқуға мүмкіндігі бар.



### ЕҢ КӨНЕ САРАЙ

1834 жылдары салынған Керуен сарай, бүгінде халыққа «бір терезе» қағидаты бойынша қызмет көрсетуге арналған мекеме. Керуен сарай атауы сан құбылып, бірде «Гостиный двор», бірде «ЦУМ», бірде Сине-Темпоре аталып, қазір халық игілігіне берілді.

### ЕҢ ЕСКІ МЕШІТ

1838 жылы Ақмола округының аға сұлтаны Қоңырқұлжа Құдаймендин өз қаражаты есе-

### ЕҢ ТҰҢҒЫШ МЕКТЕП

1907 жылы ашылған медресе қаладағы ең ескі мектеп саналады. 1912 жылы бұл мектепте жазушы, акын, қоғам қайраткері Сәкен Сейфуллин балаларға сабақ берген.

### ЕҢ ЕЖЕЛГІ САУДА ҮЙІ

Қазіргі Кенесары көшесінің бойында тұрған «Астана» сауда орталығының 120 жылға жуық тарихы бар. 1905-1907-жылдары

лай отырып, ендігі кезекте елорданың ең еңселі зәулім үйлері мен ең әсем, ең ерекше ғимараттарына да тоқталайық...

### АҚОРДА

Ең соңғы заманауи әдістер мен озық инженерлік құрылыстарды қолдану арқылы монолиттік бетоннан тұрғызылған ғимараттың жалпы ауданы — 36 720 шаршы метр, үшкір төбесімен қоса алғандағы ғимарат биіктігі — 86 метр. Ғимарат жер үстіндегі бес қабатты және жер астындағы екі қабатты үйден тұрады. Бұл ретте бірінші қабаттың биіктігі 12 метрге тең.

### ЕҢ БИІК МОНУМЕНТ

Астананы Алматыдан Ақмолаға көшіру туралы шешім қабылданғаннан кейін бас қалада ең бірінші болып салынып бастаған ғимарат — Бәйтерек. Монумент бүгінде Астананың бас сим-

### ЕҢ КӨРІКТІ МЕКЕН

«Астана Опера» опера және балет театры. Қазақи дәстүр мен грек-рим мәдениеті әдемі үйлесім тапқан өнер ордасы.

### ЕҢ БИІК ҒИМАРАТ

Елорданың еңселін асқақтатып, заңғар көкке тік шаншыла бойтүзеген ең биік ғимарат — 2021 жылы салынған 78 қабатты Абу-Даби Плаза, оның биіктігі — 311 метр.

«НҰР ӘЛЕМ» СФЕРАСЫ  
«ЭКСПО-2017» халықаралық мамандандырылған көрмесінің



бінен алғашқы мешіт салды. 1842 жылы мұсылман жамағатының қаржылай қолдауымен мешіт жанынан медресе ашылды.

### ЕРТЕДЕГІ КӨПЕС ҮЙІ

1846 жылы, яғни 179 жыл бұрын салынған ең көне көпес үйінде қазір — Сәкен Сейфуллин музейі орналасқан.

### ЕҢ КӨНЕ ШІРКЕУ

1856 жылы салынған шіркеу Константина-Еленин шіркеуі деп аталған.

Матвей Кубрин көпес пен оның ұлдары салған бұл ғимаратта революциядан кейін қалалық кітапхана, баспахана, экономикалық бөлім жұмыс істеген.

### ЕҢ АЛҒАШҚЫ ГИМНАЗИЯ

Бүгінде Астана қаласының мамандандырылған соты орналасқан ғимарат XX ғасырдың басында Мариин гимназиясы үшін салынған екен.

Қаладағы 47 көне ғимараттар ішінен ең алғашқыларын санама-



волына айналды. Құрылыстың биіктігі 97 метрді, конструкцияны айнала қоршаған шармен қоса 105 метрді құрайды. Жалпы ауданы — 36 мың шаршы метр. Жоба авторы — британдық архитектор Норман Фостер.

### АСТАНАДАҒЫ ПИРАМИДА

Биіктігі 62 метр болатын «Бейбітшілік және келісім» сарайы, пирамида пішінінде салынған бұл ғимаратта әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының халықаралық конгресі және басқа да халықаралық жиындар жиі өтеді.

### ПІШІНІ ЕРЕК «ХАН ШАТЫР»

Алып мөлдір шыныдан жасалған әлемдегі ең ірі шатырдың құрылысы 2010 жылы аяқталды. Әлемдегі шатырлы ең биік ғимарат ретінде Гиннесс рекордтар кітабына енген, британдық Foster & Partners фирмасы жобалаған бұл нысанның металл қаңқасы — 2 300 тонна, биіктігі 150 метрді құрайды. Ал жалпы ауданы — 127 мың шаршы метр. Сондай-ақ ол әлемдегі он эко-ғимараттың қатарына енді.

### ЕҢ ҮЛКЕН МЕШІТ

Астанадағы Бас мешіт сыйымдылығы жағынан әлемдегі ең

ең танымал нысаны болды. «Нұр Әлемді» елорданың ғана емес, тұтас Қазақстанның жаңа символы деп атауға болады. Шар тәрізді шыны ғимараттың диаметрі 80 метрді құраса, биіктігі 100 метрге жетеді. Жоба авторы, неміс сәулетшісі кіші Альберт Шпердін қиялынан туған сфера «Нұр Әлемнің», «мұнайдың соңғы тамшысы» және барша адамзаттың, болашақтың энергиясына өтетін дәуірінің символы саналады. Сондай-ақ мұнда бір уақытта 7 тоннаға дейінгі салмақты көтере алатын мөлдір шыныдан жасалған көпір бар.

### ЕҢ ҰЗЫН ҒИМАРАТ

Елордадағы ең ұзын ғимарат — Министрліктер үйі. Ұзындығы 1,5 шақырым, жалпы аумағы 228 мың шаршы метрді құрайтын және 20 блоктан тұратын бұл ғимарат Үкімет, Сенат, Мәжіліс, Ақорда және алаң айналасындағы өзге де ғимараттармен бір кешенде ойластырылған және Бас жоспарға әкімшілік-тұрғын үй кешені ретінде енгізілген.

Тілекгүл ЕСДӘУЛЕТ



## КӨКЖИЕК

5 ШІЛДЕ 2025 | СЕНБІ

## ЖАНАЗЫҚ



# Шығыс әлемінің ШЫМЫР

Шығыс мәдениетінің інжу-маржаны саналатын «Мың бір түн» – тек ертегілер жинағы ғана емес, тұтас бір өркениеттің дүниетанымын, адам мен қоғам жайлы терең философиялық ойларын бейнелейтін аңыздар әлемі. Бұл шығарма ғасырлар бойы Шығыс пен Батысты, ертегі мен шындықты, қорқыныш пен үмітті тоғыстырған ғажайып қазынаға айналды. Жақында Астана қаласы әкімдігінің Жастар театры «Мың бір түн» атты спектакльді көрермен назарына ұсынды.

Бұл спектакль – Ермек Аманшаевтың әйгілі «Қыр астындағы сол бір ғажайып әлем» әфсанасының желісіне негізделген шығыстың асыл туындысы. Ал режиссерлік тізгінді Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Нұрканат Жакыпбай ұстаған. Өзінің айрықша режиссерлік қолтаңбасымен ол спектакльге терең мағына мен заманауи сахналық көркемдікті дарыта білді. Қойылымның жаңашылдығы – оны эпикалық үлгіде сахналағанында. Алғаш рет бұл шығарма бірнеше жылдар бұрын қойылған болса, бұл жолы бастапқы мәнерін сақтауға тырысқанымен эпикалық үлгіде жаңғырған.

«Мың бір түн» қойылымының көрерменге басты айтқысы келген ойы – қиял-ғажайып әлемге шектен тыс ерік бермей, шынайылықпен өмір сүру. Ендеше «Мың бір түн» – жай ғана қойылым емес, сондай-ақ жан мен жүректің, билік пен махаббаттың, сенім мен құпияның сахнадағы шайқасы.

Бұл шығарма осыдан 20 жыл бұрын Алматыдағы Ғабит Мүсірепов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық балалар мен жасөспірімдер театрында қойылған еді. Уақыт өте келе, осы туындыны жаңа қырынан, бүгінгі заманға бейімдеп, Жастар театрының сахнасына қайта әкелуді жөн санадым. Бұл театрдың актерлік құрамы мен шығармашылық әлеуетіне сенгендіктен, мүлдем өзгеше режиссерлік көзқараспен қойып отырмын. Бұрын комедияға жақын қойылым болса, бұл жолы терең философиялық мәнге, көрерменді ойға жетелейтін астарлы драмалық бағытқа ден қойдық, – дейді Нұрканат Жакыпбай.

«Мың бір түн» қойылымын басқа қойылымдардан ерекшелейтін бірнеше тұстары бар. Ең біріншісі, шығарманың эпикалық кейіпке енуі. Басты кейіпкердің өміріндегі бір ғана маңызды оқиға арқылы көрермен шығарманың астарындағы басты мәселеге назар аударып, сара-

лайды. Екіншісі, философиялық тұрғыдағы сұрақ: «сүріп жатқан өмірім түсім бе әлде өнім бе?» деген қиял мен шындықтың арасындағы адамзаттық классикалық қактығысты байқауға болады. Ал үшіншісі, атауымен заманауи бағыттағы өмірді көрсете білуі. Қиял мен шынайылықтың аражігін ажырата алмай жүрген адам бейнесін осы туын-



ды суреттейді. Басты кейіпкер Әбілқасан ұйықтап жатып, тылсым құдіреттің күшімен билеуші Харун Ар-Рашидтің кейіпінде оянады. Әбілқасан – мінезі өте ашық, аңқау, қиялға ерік беретін кейіпкер. Билеушінің рөліне еніп, айналасындағы барлық болып жатқан шынайылықты көзі көрмейді. Өзінің жұбайы Зухраға да мінезін көрсетеді. Жанындағылар болса оны жын ұрды деп ойлап, жындыханаға еріксіз қамап қояды. Жындыхана басшысының өзін соңында қамап қойып, ол жерден қашып шыққанда шынайы билеуші Харун Ар-Рашидпен жүздеседі. Сол кезде басты кейіпкер шынайылықпен бетпе-бет келеді. Бұл қойылымның сюжеті де Әбілқасан сияқты шынайы өмірмен емес, қиялмен өмір сүріп айналасындағыларға қаншама зардабы мен кесірін тигізетінін білмейтін өмірдегі адамдардың сыртқы бейнесін көрсетуге негізделген. Қойылымдағы балетмейстердің жұмысы, музыка, композициялар, сахналық шешімдер мен қосымша режиссертер де үйлесімді тандалған.

«Мың бір түн» қойылымы – терең ой мен тек әдемі сахналық жұмыс қана емес, бүгінгі қоғам үшін маңызды ой тастайтын, рухани азық бола білген туынды. Театр ұжымы көркемдік деңгейі жоғары қойылымды ұсыну арқылы қазақ театр өнерінің мәртебесін тағы бір биікке көтерді.

Абылайхан ДҮЙСЕНБЕК,  
ЕҰУ студенті



## КӨЗАЙЫМ

Ұлттық статистика бюросы жариялаған 2024 жылғы мәліметке сәйкес, Астанада 1 464 415 адам тұрады. Ал бас шаһардың миллионыншы тұрғыны 2016 жылы дүние есігін ашты. Қазір Саида Мұхамедиярдың жасы 9-да.

## МИЛЛИОНМЕН Келген Несібе

Сайданың ата-анасы бірі – Қостанайдан, бірі – Павлодардан арман қуып Астанаға келгенде танысыпты. Екеуі студенттік шақтан бері бірге, осы қалада үлкен өмірге алғашқы қадамдарын да бірге бастайды. Жас жұп алда не күтіп тұрғанын сол кезде сезбеген де еді. Алайда тағдыр оларға ерекше сый дайындап қойған екен. Тұңғыш қыздары Астананың миллионыншы тұрғыны атанып, тек отбасына емес, бүкіл елге қуаныш сыйлады. 2016 жылы 4 шілдеде түнгі сағат 01:00-де №1 перинаталдық орталықта дүниеге келген Саида – Астана тарихында есте қалар сәттің кейіпкері.

Әкімдік қызметкерлері Саида дүниеге келгенде перзентханаға құттықтап келді. Саидаға сыйланған ең үлкен сыйлық – қаламыздың оң жағалауынан берілген екі бөлмелі пәтер. Біз мұндай сый береді деп күтпедік. Өзіміз де білесіз, елордаға келген әрбір жас осы қалада тұрақтап қалуды, баспаналы болуды армандайды. Саида біз үшін несібесімен келген бала болды, – дейді анасы Арайлым Мұхамедияр.

Қазір Саида Міржакып Дулатұлы атындағы №68 мектеп-гимназиясында оқып жүр. Саида бой жеткен сайын, елорда тұрғындарының қатары да артып келеді. Анасы Арайлымның айтуынша, қазақтың дархан пейілі бұл қызға да дарыған. Ол ешкімді жатсынбайды, қай ортада болса да айналасындағы адамдармен тіл табысып, сүйкімді қылықтарымен баурап алады. Мінезі де байсалды, сонымен бірге табанды: бір нәрсені қаласа, соған жетпей тынбайды.

Саида таэквандомен айналысады. Ағылшын тілін үйреніп жатыр. Сурет сабағына да барады. Түрлі браслеттер, әшекейлер жасағанды ұнатады. Ал өскенде мұғалім болғысы келеді, – дейді анасы.

Үйдің үлкені болу – үлкен жауапкершілік. Себебі өзінен

кейінгі бауырларына үлгі болуың, ата-анана демеу болуың қажет. Саида 9 жаста болса да өзіне артылған сенім жүгін қазірден түсінеді. Анасының айтуынша, Саида артынан ерген 3 сіндісіне камкор. Әрқашан оларды ойнатып, қасында жүреді.

Саиданың есімін ата-әжесі қойды. Себебі ол – әулеттің асыға күткен тұңғыш немересі. Саида есімі араб тілінен аударғанда «бақытты», «жолы болғыш» деген мағынаны білдіреді. Әлі күнге дейін қызымыздың елорда тарихында қалғанына қуанып, мактан етіп отырамыз. Бұрын Саида журналистер келіп суретке түсірген кезде түсінбейтін. Қазір есейген сайын өзін ерекше қабілетті бала деп санайды. Ешкімнен қысылмайды. Біз бала тәрбиесінде адамгершілік пен бауырмалдықты бірінші орынға қоямыз. Қыздарымызды ешкімнің алажібін аттама деп тәрбиелеудеміз, – дейді Арайлым Мұхамедияр.

Қазақта «Қыз – әкенің қырық жылдық арманы» деген сөз бар. Бұл тек ұлттың қыз балаға деген ерекше көзқарасын ғана емес, әке мен қыз арасындағы нәзік әрі мығым байланысты да білдіреді. Қыз бала – ананың еркесі болғанымен, әкенің жүрегіне жол тапқан шынайы сырласы, үміті, көзінің нұры. Арайлымның айтуынша, Саида кішкентай кезінен әкесіне жақын. Болмыс бітімі де әкесінен аумайды.

Халықтың ел орталығына шоғырлануы – әлемде қалыптатылған құбылыс. Айталық, Токиода – 38 миллион, Делиде – 28 миллион, Мәскеуде – 13 миллион, Ыстамбұлда 17 миллион адам тұрады. Ал еліміздің Астанасы алдағы бес жылда 2 миллионға жетіп қалуы бек мүмкін. Дегенмен елорда тарихында Саиданың есімі ұмытылмайтыны анық. Біз миллионыншы тұрғынның болашағы да Астанадай асқақ болатынына сеніммен қараймыз.

Көктем ҚАРҚЫН

## МЕЖЕ

5 ШІЛДЕ 2025 | СЕНБІ

Батыс Қазақстан облысында ең өзекті мәселенің бірі – жол сапасы. Адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін облыс жолдарына күрделі жөндеу жүргізу, қайта жаңғырту жұмыстары үздіксіз іске асырылып келеді. Облыс үшін ең үлкен жетістік деп ең шалғай аудандар – Бөкей Ордасы мен Жәнібек ауданына жол салынғанын атап өтсек болады. Бұл жол халықтың сарылып күткен қуанышы еді. Қазір тақтайдай тегіс тасжолдың қызығын екі ауданның халқы көріп отыр. Казталов-Жәнібек, Өнеге-Сайқын бағытындағы жол құрылысын ел Президентінің өзі жеке бақылауына алған болатын. Осы жобаға бюджеттен 81 млрд теңге қаржы бөлінген еді.

# ЖОЛ ҚҰРЫЛЫСЫ ҚАРҚЫНДЫ

**Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА,**  
Батыс Қазақстан облысы

Жалпы, БҚО-дағы жолдардың сын көтермейтінін және өңірлер арасындағы ең соңғы орындарда тұрғаны жиі айтылып жүр. Осы олқылықтың орнын толтыру үшін БҚО-да жол құрылысына қомақты қаржы бөліне бастады. Мысалы, тек 2024 жылы облыстық және аудандық маңызы бар автожолдарды жөндеуге деп 34,8 млрд теңге қаржы бөлінген. Осы ақшаға 250,8 шақырым жол жөнделіпті. Оның ішінде, 41,5 шақырым жол қайта жаңғыртудан өтсе, 103,8 шақырым жолға күрделі жөндеу жүргізілген. Ал қалған бөлігіне орташа жөндеу жүргізілген.

БҚО Жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасының мәліметінше, 2025 жылы облыстық және аудандық маңызы бар 260 шақырым жолды жөндеу көзделген. Ол үшін бюджеттен 44,2 млрд теңге қаржы бөлінген. Оған қоса, ұзындығы 38 шақырым ауылшілік жол ретке келтірілмекші. Соның ішінде облыстық маңызы бар Чапаев-Жаңақала-Сайқын автожолының 40 шақырымын орташа жөндеу, 130-191 шақырым бөлігін қайта жаңғырту жұмыстары жалғасады. Сондай-ақ Бөрлі-Ақсай-Жымпиты жолын қайта жаңғырту, Барбастау-Ақжайық-Индер күрделі жөндеу де жалғасын таппақ, — деп хабарлады ведомстводан.

Ал «Ауыл — ел бесігі» бағдарламасы аясында 15 елді мекеннің ауылшілік жолдарын жөндеуге 5,2 млрд теңге қарастырылған, бұл қаражатқа 38,8 шақырым асфальтбетон жабынмен қамтамасыз ету күтілуде.

Осы жобаларды жүзеге асыру арқылы облыс тұрғындары сапалы жол инфрақұрылымымен барынша қамтамасыз етіледі. Көлік қозғалысының қауіпсіздігі артып, ауылдық аумақтардың экономикалық әлеуеті жақсарады. Бұл Президент Қасым-Жомарт Тоқаев берген басты тапсырма болатын.

Жалпы, облыстың автомобиль жолдарының жалпы ұзындығы — 6 183 шақырым. Оның ішінде республикалық маңызы бар автомобиль жолдары — 1 349 шақырым. Жергілікті маңызы бар автомобиль жолдары — 4 834 шақырым.



**2025 жылы облыстық және аудандық маңызы бар 260 шақырым жолды жөндеу көзделген. Ол үшін бюджеттен 44,2 млрд теңге қаржы бөлінген.**

БҚО Жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасының басшысы Марат Қуанышевтың мәліметінше, жергілікті маңызы бар автомобиль жолдарын күтіп ұстау жұмыстарымен 37 мердігер ұйым айналысады. Облыстық маңызы бар автомобиль жолдарында 8 мердігер, аудандық маңызы бар автомобиль жолдарында 29 мердігер жұмыс істеп жатыр.

Мердігер демекші, облыстағы жол мәселесі айтыла қалса болды, елде мердігерлерге деген сенімсіздік пен күмән қатар айтылатыны бар. Өкінішке қарай, елдің сенімінен шығып қалған мердігер компаниялар да баршылық енді. Осы ретте БҚО Қоғамдық кеңестің мүшесі, қоғам белсендісі Нұрлан Сәдір ағамызды әңгімеге тарттық.

— Бір мердігер облыстың ана шетінен де, мына шетінен де жол саламын деп тендерді ұтып алады. Оған оның потенциалы жетпесе де әйтеуір көзін табады. Сондықтан әу бастан орындалмайтын тапсырыстарды ұттырмау керек. Жол сапасын дұрыстаймыз десек арадағы делдалдарға тыйым салған жөн. Сонау Қарағанды, Алматыда отырған біреу тендерді ұтып

алып, қалтасына ақшаны басып алуды ғана ойлайды. Қалған тиынға Оралдан компания жалдап жол салғызады. Сосын жол сапасыз жүреді. Одан қалса мерзімге үлгермейді. Жол сапалы болғанын қаласақ, мемлекеттік сатып алуды да реттеу керек, — дейді Нұрлан Қуанышұлы.

Өңірдегі жол сапасына әсер ететін тағы бір жайт, бұл қажетті материалдың өзімізде болмауы. Алыстан тасымалданатын дүние жұмысты уақытылы жасауға кейде қолбайлау болатыны бар. Мұны жолшы мамандардың өздері де мойындап отыр.

— Біздің облыста жол салуға қажетті материалдардан тек құм ғана бар. Қалған материалдар битум, қиыршықтас бәрін сырттан тасимыз. Оны тасу да оңай емес. Жазда вагондар бос болмайды. Себебі жазда тек біз ғана жұмыс бастамаймыз. Бәрінің жұмысы жазда басталады. Кезек күтеміз, материал тасымалы — үлкен проблема. Біз үнемі айтып жүрміз. Біздің жақтың жер бедерін дұрыстап зерттеу керек. Тым құрығанда, бір материал өзімізден болса тасымал азаяр еді. Екінші мәселе ақшаны қыста бөлу керек. Қыста бөлсе, вагондар бос кезде материал тасып алсақ жұмысты жазда жасар едік. Ал бізде керсінше, сәуір-мамырда тек келісімшарт жасауды бастаймыз, — дейді белгілі жолшы, «ДСК Приоритет» ЖШС бас директоры Жанна Кенжина.

Жолға қажетті материалдарды тасымалмен алдырып отырғанымыз рас енді. Бұл — жол сапасына әсер етуші негізгі фактордың бірі. Бірақ осыған қарамастан өңірде жол құрылысы тоқтаған емес. Жылда жолдар жөнделіп, қайта салынып, жұмыс қыз-қыз қайнап жатады.

## ҚАМҚОР ҚОҒАМҒА БІР ҚАДАМ

**Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ,**  
Қарағанды облысы

Қарағанды облысының әкімі Ермағанбет Бөлекпаев ерекше балалардың ата-аналарымен кезекті онлайн кездесу өткізді. Тұрақты ашық диалог бар проблемаларды ашық айтып, оларды шешу жолдарын бірлесіп табуға мүмкіндік береді. Білім алу, медициналық көмек, мәдени демалыс пен спорт, жұмысқа орналасудың қолжетімділігі басты тақырып болды.

Жиында ақыл-есі бұзылған балаларға арналған арнайы мектеп ашу мәселесі шешілді.

— Дайындық жұмыстары жүргізілуде: кадрларды іріктеу, ата-аналармен байланыс, сыныптарды жинақтау жүргізілуде. Келер жылы Қарағанды қаласы білім бөлімінің №4 мектеп-интернаты базасында мемлекеттік және орыс тілдерінде ақыл-ойы бұзылған балаларға арналған төрт сынып ашылады: екі нөлдік және екі 1-сынып. Сонымен қатар Telegram арнасы жұмыс істейді, онда инклюзивті және арнайы білім туралы ақпарат алуға болады, — деді Қарағанды облыстық білім басқармасы басшысының орынбасары Мейіржан Сыздықов.

Сонымен қатар колледждерде ерекше білім беру қажеттіліктері бар студенттер үшін де жағдай жасалуда. Бұл санатқа жататын 117 түлек бар. Оларға жұмыс табуға көмек қолы созылмақ.

Айта кету керек, биыл Жоғары гуманитарлық колледж базасында ерекше балаларға арналған жазғы лагерь ашылды. Ол өзінің тиімділігін де көрсетті. Ата-аналар мұндай лагерьлердің көбірек болуын сұрайды.

— Теміртауда ата-аналардың өтініші бойынша аутизмге шалдық-

қан балаларға қолдау көрсету орталығын ашу жоспарланған. Жөндеуді қажет ететін үй-жай табылды, — деді Мейіржан Сыздықов.

Ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларға арналған шығармашылық үйірмелер мен спорт секцияларын дамыту бойынша да жұмыстар жүргізілуде. Мысалы, Қарағанды, Шахтинск және Балқаш қалаларында балалар мен жасөспірімдер дойбы, шахмат, дартс, тоғызқұмалақ, бес асық және асық ату ойындарынан секциялар ашылады. Биыл Қарағандыда аутизм және психикалық бұзылулары бар балаларға және 18 жастан асқан балаларға арналған екі күндізгі орталық ашу көзделіп отыр. Сондай-ақ мүмкіндігі шектеулі жастарды әлеуметтік бейімдеуге бағытталған жоба әзірленді. Оған ата-аналармен жұмыс, жаттықтырушылар даярлау кіреді.

Кездесуде ата-аналар қолжетімді орта, денсаулық сақтау, иппотерапияны дамыту, бейімделген жүзу, инклюзивті хореографияға қатысты мәселелерді көтерді. «Үміт» оңалту орталығының жабдықтарын жаңарту қажеттігі туралы қоғам қайраткері Нияз Сүндетәлиев айтып өтті. Сондай-ақ мүгедек баланы бір ғана ата-ана тәрбиелеп отырған жағдайға қатысты мәселе көтерілді — ата-ана ауырған жағдайда баланы ешкімге қалдыра алмайды. Осындай жағдайда көмек сұрауға қандай да бір орталық, пансионат керек. Ермағанбет Бөлекпаев мәселенің маңызды, өте өзекті екендігімен келісті. Ықтимал нұсқаларды қарауды тапсырды.

Аймақ басшысы қамқорлығы үшін ата-аналарға алғыс айтты. Ол қала және аудан әкімдерін ерекше балалардың ата-аналарымен тұрақты байланыста болуға шақырды.

ҚР 2018 жылғы 27 желтоқсандағы №204-VI «Табиғи монополиялар туралы» заңының 25-бабы, 10-тармағына сәйкес «Астана су арнасы» МКК тұрғындарды, кәсіпорындар мен ұйымдарды реттелетін қызметтерді тұтынушыларға және өзге де мүдделі тұлғаларға көрсету бойынша жыл сайынғы есеп беру өткізілетінін хабарлайды.

**Субъектінің атауы:** «Астана су арнасы» МКК

**Есептік кезен:** 2025 жылдың I жартыжылдығы

**Жыл сайынғы есептің өткізілетін уақыты және орны:** 2025 жылғы 31 шілде, сағат 15.00-де, Астана қаласы, Абай даңғылы 103 (акт залы және онлайн-конференция тәртіптемесі).

**Реттеліп көрсетілетін қызметтердің түрлері:** сумен жабдықтау және кәріздендіру.

«Табиғи монополиялар туралы» Қазақстан Республикасының заңына сәйкес «ҚазТрансОйл» АҚ тұтынушылар мен өзге де мүдделі тұлғалар алдында бекітілген тарифтік сметалардың орындалуы туралы, бекітілген инвестициялық бағдарламаның орындалуы туралы, реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапасы мен сенімділік көрсеткіштерінің сақталуы туралы және «ҚазТрансОйл» АҚ-ның 2025 жылғы I жартыжылдығында қызметтің тиімділік көрсеткіштеріне қол жеткізуі туралы есепті келесі реттеліп көрсетілетін қызметтерді ұсына отырып өткізуді хабарлайды:

• Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзиттеу және Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге экспорттау мақсатында тасымалдауды қоспағанда, мұнайды магистральдық құбырлар жүйесі бойынша тасымалдау;

• жылу энергиясын өндіру, беру және тарату;

• электр энергиясын беру;


• ағынды суларды бұру.

Өткізу күні — 2025 жылғы 29 шілдеде, сағат 11.00-де.

Өткізу орны: Астана қаласы, Нұра ауданы, Тұран даңғылы, 20-ғимарат, 12-тұрғын емес үй-жай, 7-кабат, конференц-зал.

## ҰЛТТЫҚ ДОМБЫРА КҮНІ

5 ШІЛДЕ 2025 | СЕНБІ

Ұлы дала  
үні

Екі ішектің бірін қатты,  
Бірін сәл-пәл кем бұра.  
Қазақ — нағыз қазақ емес,  
Нағыз қазақ — домбыра!

Білгің келсе біздің жайды,  
Содан сұра тек қана:  
Одан асқан жоқ шежіре,  
Одан асқан жоқ дана.

Қадыр Мырза Әлі



ГАЗЕТИМІЗДІҢ КЕЛЕСІ САНЫ 10 ШІЛДЕДЕ ЖАРЫҚ КӨРЕДІ



**AIQYN**

Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС

Директор –  
Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор –  
Амангелді ҚҰРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС –  
Бас редактордың  
бірінші орынбасары

Ботагөз МАРАТҚЫЗЫ –  
Шығарушы редактор

Елдар ҚАБА –  
Секретариат меңгерушісі

**АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:**  
Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ –  
Ақмола облысы  
Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ –  
Алматы қаласы  
Саятхан САТЫЛҒАН –  
Жамбыл облысы  
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ –  
Қарағанды облысы  
Назгул НАЗАРБЕК –  
Шымкент қаласы  
Жаннат ҚАЙЫРҒОЖИНА –  
Батыс Қазақстан облысы  
Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ –  
Қызылорда облысы  
Бағи ЖАНҰЗАҚ –  
Атырау облысы

**«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ  
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:**

Кәсіпорындар,  
мекемелер үшін – 15102  
Зейнеткерлер,  
соғыс ардагерлері үшін – 55102  
Жеке жазылушылар үшін – 65102

**ЖАРНАМА БӨЛІМІ:**  
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31  
reklama.aikyn@gmail.com

**ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:**  
8(771) 804-61-32  
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның»  
компьютер орталығында беттелді

**ТАРАЛЫМЫ: 40 000**

**Тапсырыс №4613**  
Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС  
Сілеті көшесі 30,  
тел.: 8(7172) 99-77-77  
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ  
Мұқанов көшесі, 223 В  
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,  
Әлімқұлов көшесі 22,  
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,